БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 201-202 (9263-9264) | 1953 жылғы 4 октябрь Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінде

Машина-трактор станцияларының жұмысын онан әрі жақсарту шаралары туралы

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті соңғы жылдарың ішінде ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыру дәрежесінің едәуір өскенін, машина- трактор станцияларының колхоз өндірісіндегі шешуші күш ретіндегі ролінің бұрынғыдан анағұрлым арта түскенін атап көрсетеді.

1952 жылы колхоздарда жұмыстардың механикаландырылуы: дәнді дақылдар егу жөнінде — 87 процент, дәнді дақылдарды комбайнмен жыйнау жөнінде — 70 процент, пар жырту жөнінде — 96 процент, зябь жырту жөнінде — 97 процент, мақта егу жөнінде —98 процент, қант қызылшасын егу жөнінде —95 процент болды. Еңбекті көп тілейтін басқа жұмыстардың механикаландырылуы едәуір артты. Машина-трактор станциялары колхоз өндірісінің барлық салаларын қамту жөніндегі жұмыстарын жылдан жылға ұлғайтып келеді.

Бірақ, машина-трактор станцияларының жұмысында ірі кемшіліктер бар. Көптеген МТС-тер тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын қанағаттанғысыз пайдаланды, колхоздар алдындағы шартты міндеттемелерін, әсіресе, егіс жұмыстарының мерзімдері мен сапасы жөнінде орындамайды, колхоздарда ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігі жөніндегі мемлекеттік жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етпейді. Колхоздарда еңбекті көп керек ететін көптеген жұмыстардың, әсіресе, картоп пен овощь өндіру жөніндегі, сонымен қатар мал фермаларындағы жұмыстардың механикаландырылу дәрежесі төмен, мұның өзі ауыл шаруашылығының осы салаларының артта қалу себептерінің бірі болып табылады.

МТС-тердің өндірістік-финанс жұмысын ұйымдастыруда ірі олқылықтар бар, колхоздарға агрономиялық көмек көрсету ісі қанағаттанғысыз ұйымдастырылған.

МТС-тердің жұмысындағы елеулі кемшіліктердің негізгі себептері олардың тұрақты механизатор кадрларымен, сол сияқты өнімді пайдалануға және ауылшаруашылық жұмыстарының сапасын жақсартуға көмектеспейді.

Осының бәрі мынаған әкеліп соқтырады: көптеген машина-трактор станцияларында тракторшылар мен комбайншылардың едәуір бөлегі сменалық жұмыс нормаларын орындамайды, жұмыс сапасының жоғары болуын қамтамасыз етпейді, машиналарды техникалық жағынан күту ережелерін сақтап отырмайды; тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының көп уақыт қарап тұруына жол береді.

Механизатор кадрларын даярлау ісі қанағаттанғысыз жүргізілуде. Ауыл шаруашылығын механикаландыру мектептері көптеген облыстарда, өлкелер мен республикаларда мүлде жеткіліксіз, соның салдарынан МТС-тер тракторшыларды, комбайншыларды және трактор бригадаларының басқа қызметкерлерін қысқа мерзімді курстарда оқытуға мәжбүр болуда, мұның өзі осы кадрларды даярлау сапасының ойдағыдай болуын қамтамасыз етпей келеді.

Машина-трактор станцияларының көпшілігі машиналар жөндейтін мастерскойлармен, тракторларды және ауылшаруашылық машиналарын сақтайтын гараждармен, сарайлармен, сол сияқты басқа өндірістік, шаруашылық құрылыстарымен және тұрғын үйлермен қамтамасыз етілмеген.

МТС-терді материалдық- техникалық жағынан жабдықтау ісінде үлкен кемшіліктер бар. МТС- тер запас бөлшектерді, аспан- саймандарды, металдарды және басқа материалдарды көп жағдайда мезгілінде және жеткілікті мөлшерде алып тұрмайды, мұның өзі машина- трактор паркінін жұмысында елеулі кідіріс болуына әкеліп соқтырады. МТС-тердің мұнай өнімдерін сақтайтын қажетті ыдыстары жоқ.

Алдыңғы қатарлы МТС-тердің, трактор бригадаларының, таңдаулы тракторшылардың, комбайншылардың, машинистерлің және басқа механизаторлардың тәжрибесі

Есепші-май қуюшыларға 3 сом 3 сом 3 сом 4 сом

Комбайншылардың көмекшілеріне 4 сом 4 сом 4 сом 6 сом

Тіркеушілерге 2 сом 2 сом 2 сом 2 сом

50 т. 50 т. 50 т. 50 т.

4. 1953 жылғы 1 октябрьден бастан, трактор бригадаларының тұрақты жұмысшылары орындайтын жөндеу мастерскойларындағы, колхоздардың мал фермаларын механикаландыру жөніндегі жұмыстарға, сонымен қатар МТС-тағы құрылыс жұмыстары мен басқа жұмыстарға машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі орындалатын жұмыс үшін бекіткен кәсімді баталар мен нарықтар бойынша, бірақ, төмендегі мөлшерден кем болмайтын ақы төлейтін болып белгіленсін:

	Кесімді ақы төлеуде жұмыс нормасын орындағаны үшін	Уақытқа қарай ақы төлеуде 8 сағат жұмыс үшін
Трактор бригадаларының бригадирлері	20 сом	18 сом
Трактор бригадалары бригадирлерінің көмекшілері, 1-ші класты тракторшылар, экскаватор машинистері, комбайншылар, механик-комбайншылар, мақта жыйнайтын машиналарды жүргізетін механиктер	18 сом	15 сом
2-ші класты тракторшылар, машинистердің көмекшілері, зығыржайнағыш және зығырсіліккіш машиналардың машинистері	15 сом	13 сом
Есепшілер-май қуюшылар	13 сом	10 сом

5. Трактор бригадалары жұмысшылар-

Ауыл шаруашылығының мамандары МТС-тер мен колхоздарға қайтып оралуда

☆ ☆ ☆

Егіншілік мәдениетін арттыра беру үшін

Егін шаруашылығы —ауыл шаруашылығының негізгі саласы. Шаруашылықтың бұл саласындағы міндеттер СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» және ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «1953—1955 жылдары колхоздар мен совхоздарда картоп пен овощь өндіруді және дайындауды арттыру шаралары туралы» қаулыларында айқын белгіленді.

Партия мен үкметіміздің бұл қаулыларын мен оқып, толық түсіндім. Қазір ауыл шаруашылығына маман кадрлардың, оның ішінде агрономдардың әлде де көп керек болып отырғанында өзімнің агроном бола тұра ауыл шаруашылығынан көл ұзағімді лайықсыз көрдім. Сондықтан мен колхозға, немесе, МТС-ке жұмыс істеуге жіберуді сұрап арыз бердім.

Мен 1943 жылы ауылшаруашылық техникумын бітіріп агроном мамандығын алдым. Содан 1950 жылға дейін Асанов МТС-де агроном болып істедім. Бірақ, МТС басшылары менің қызмет істеуіме қажетті жағдай жасамады. Бұл менің мамандық бойынша қызмет істемей, басқа қызметке ауысуыма себеп болды. Соңы уақытта кәсіпорнында кілтші болып істедім.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы көрсеткендей, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің, оның ішінде агрономдардың міндеті —егін шаруашылығын шұғыл өркендету. Агроном егіншілік мәдениетін арттыру күресін ұйымдастырушы болуға тиіс. Ол егіске сапалы, шығымдылығы жоғары тұқымды септірудің, егінді агротехникалық ережелерге сай күттірудің, оны кезінде жыйнатып алудың жолдарын егіншілерге мұқият көрсетіп отырса, сөз жоқ, егіннен мол өнім алынады. Мұны озат агрономдардың тәжрибесі көрсетіп келеді. Менің мақсатым — осы міндетті аброймен орындап, партияның шақыруына адал еңбегіммен жауап беру.

Мен колхозға, немесе, МТС-ке барып, егін шаруашылығын бұрынғыдан да арттыра беру ісіне өз үлесімді қосамын.

Н. ЖУКОВ.
Агроном.

Партияның шақыруымен

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете берудің айбынды программасын жасап берді. Совет халқы бұл Пленумның қаулыларын аса зор қуанышпен қарсы алып, қазір оны мүлтіксіз жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Пленум егін және мал шаруашылығының барлық салаларын бірдей қызу қарқынмен өркендету және бұл шаруашылықтарға техника қуатын сарқа пайдалану міндетін қойды. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда ауыл шаруашылығының мамандары зор роль атқаруға тиіс. Демек, олардың көмегінсіз ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндетін табысты орындау қиынға түседі.

Сентябрь Пленумы 1954—55 жылдарда МТС-терде жұмыс істеу үшін 6500 инженер-техник жіберуді, оның ішінде 1954 жылы ауыл шаруашылығын механикаландыру институттарын және басқа техникалық жоғары оқу орындарын бітіріп шығатын жас мамандардың есебінен 2500 инженер жіберуді қажет деп тауып отыр. Сондай-ақ Пленум колхоздарды қамту үшін 1954 жылдың көктеміне дейін МТС-терге 100 мың агроном мен зоотехник жіберудің қажеттігін атап көрсетті. Әрине, мұның барлығын Коммунистік партияның ауыл шаруашылығын мықтап өркендете беруге жасап отырған зор қамқорлығы деп білуіміз керек.

Мен 1936 жылы Петропавл қаласындағы ауылшаруашылық техникумын бітіріп, механик мамандығын алдым. 1937 жылдан бастап, осы мамандық бойынша совхозда және МТС-те 4-5 жыл қызмет істедім. Бірақ, 1941 жылдан бері ол қызметтен қол үзіп кеттім. Осы жылдан бастап, Петропавл қалалық жылыту электр станциясында техникалық нормалаушы қызметін атқарып келдім. Бұл қызметті де аброймен орындап, коллективтің құрметі-қошеметіне ие болдым. Коммунистік партияның мүшесі болғандықтан коллектив арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуге белсене қатыстым. Бұл жөнінде партия ұйымының тапсырмаларын іс жүзінде орындап отырдым.

Электр станциясының басшылары менің қызмет істеуіме барлық жағдайды жасады. Еңбек ақым жеткілікті, тұрғын үйім жақсы, тұрмысым ауқатты болды. Үйімде радио, электр жарығы бар. Газет, журналдарды, хат-хабарларды кезінде алып тұрамын. Бұл жағдайларға қарағанда маған басқа қызметке ауысу қажет емес еді. Алайда, мен Пленумның қаулыларын зейін сала оқып, әбден түсінгеннен кейін партияның шақыруына іспен жауап беруді, өзімнің мамандығым бойынша ауыл шаруашылығында жұмыс істеуді, сөйтіп, ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі бүкілхалықтық іске өз үлесімді қосуды ең қасиетті борышым деп санадым. Сондықтан да ауыл шаруашылығына жіберуді сұрап, партия ұйымына арыз бердім. Менің бұл тілегім орындалды.

Енді Чистян МТС-не еңбекті көп керек ететін жұмыстарды жеңілдету жөнінде механик болып баратын болдым. Бұл зор жауапкершілікті керек етеді. Егіс көлемінің ұлғаюы, мал санының көбеюі және бұл екі шаруашылықтың да өнімділігінің артуы, көбінесе, техника қуатының толық пайдаланылуына, ауыл шаруашылығына ғылым мен озат тәжрибе жетістіктерінің кеңінен енгізілуіне байланысты. Ал, механик бұл міндеттерді жүзеге асыруда ұйымдастырушы болумен бірге оны өзі орындап, басқаларға үлгі көрсетуге тиіс. Мен бұл міндетті орындаймын, сөйтіп, Пленум қаулыларын жүзеге асыру жолында білімімді де, күшімді де аямаймын.

Л. ЖДАНОВИЧ,
Механик.

Тілегім орындалды

Менің мамандығым болат балқытушы. Бірнеше жылдан бері осы мамандық бойынша шағын двигательдер заводында жұмыс істеп келемін. Заводқа келгеніме дейін МТС-те де, колхозда да болат балқытушы болып істегенім бар. Сондықтан бұл мамандық бойынша ауыл шаруашылығында жұмысты қалай істеу маған таныс.

Мен сентябрь Пленумының қаулыларымен толық таныстым. Бұл қаулыларда

Фермада жұмыс істеймін

Коммунистік партияның Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулыларында мал шаруашылығын, еңалдымен қоғамдық мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендетудің еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар міндет екендігі атап көрсетілді. Бұл міндетті орындау күресіне белсене қатысып, бұдан былайғы жерде мал шаруашылығы жөнінде артта қалушылықты мүлдем жою әрбір колхоз бен МТС және совхоз мал өсірушілерінің ардақты борышы болып отыр. Демек, олардың міндеті —малдың санын көбейту, оның тұқымын асылдандыру арқылы өнімділігін арттыру, жемшөптің бірік қорын жасау, еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру, сөйтіп,

атындағы ауылшаруашылық техникумының зоотехникалық- малдәрігерлік бөлімін бітіргеніме, міне, 13 жыл болды. Содан бері ауыл шаруашылығында көп істегенім жоқ. Совет Армиясының қатарынан келгеннен кейін аяқкиім фабрикасына қойма меңгерушісі болып орналастым. Одан соң «Главторгодежда» базасында да қойма меңгерушісі болып істедім.

Пленумның қаулыларын оқыпаннан кейін мен ауыл шаруашылығында өз мамандығым бойынша қызмет істеуді мақұл көріп, мекеме басшыларына ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге босатуды сұрап арыз бердім. Олар менің бұл тілегімді қамтамасыз етті. Енді мен техникумнан алған мамандығым бойынша қызмет іс-

жақты мамандығы мол басшы және инженер- техник қызметкерлермен қамтамасыз етілмегендігі, жөндеу базасының нашар өркендетілуі және машина- трактор паркін техникалық жағынан қамтудың қанағаттанғысыз екендігі, МТС-терде құрылыстың және материалдық- техникалық жағынан жабдықтаудың олардың жұмысының өскен көлемінен және көп салалы колхоз өндірісінің өркендеуіне байланысты машина-трактор станцияларына қойылып отырған жаңа талаптардан артта қалып отырғандығы болып табылады.

МТС-тердің еңбекшілер бөлегінде жақсы дарланған тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері, комбайншылар және басқа мамандықтағы қызметкерлер әлі күнге жетіспейді. Механизатор кадрларының тұрақтамауы жойылған жоқ. Көптеген трактор бригадаларында тұрақты тіркеушілер болмай отыр.

Көзіргі тәртіп бойынша тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері мен басқа қызметкерлері МТС-тердің тұрақты жұмысшылары болып саналмай, қайта шығынға келгенде тек егіс жұмыстары кезінде ғана колхозшылардың ішінен бөлінеді, бұл тәртіп кадрлардың мамандығын үнемі арттыруға, техниканы неғұрлым

Пленум ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуді басты міндет етіп қойып отыр. Ал, бұл міндетті орындауға мен де өз үлесімді қосқым келеді. Осы мақсатпен мені ауыл шаруашылығына босатуды сұрап, завод дирекциясына арыз берген едім, ол тілегім орындалды. Енді Ворошилов атындағы МТС-ке болат балқытушы болып баратын болдым.

С. СИЛЬЧЕНКО,
Болат балқытушы.

МТС-ке келген директор

Оймен шолып істелмекші істерді,
Бөліп отыр жаңа келген күштерді,
Жас инженер кеше келген қаладан.

Есептеді қанша күштің керегін,
Малдың санын, егіндіктің көлемін,
Алдағы іске жоспар жасап жаңадан.

Колхоз жері картасына сызылып,
СЭС орнады екі- үш жерден тізіліп,
Ток тамыры төңірекке тарады.

Фермаларға, шабындыққа, егінге,
Машинаның алуан түрі келді де,
Техника билеп алды даланы.

Әр сызықтан үлкен бір іс өнгендей,
Колхоздардың ертеңгісін көргендей,
Ол картаға күлімсірей қарады:

—Гүл жайнаған түкті кілем түріндей,
Ен далада техника гүрілдей,
Түрленеді колхозды ауыл алабы.

Ә. МҰСАҚАНОВ.

*

Пленум қаулысын оқып, үйренгеннен кейін мен бұл міндетті жете түсіндім. Менің мамандығым —зоотехник. Ленин

Менің де міндетім—бүкіл мал өсірушілердің міндеті сияқты Пленум қаулыларында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру. Мен бұл міндетті орындау үшін фермада қажырлы қызмет етемін.

Қ. САДУАҚАСОВ,
Зоотехник.

Комбайншы боламын

Мен 1947 жылы комбайншылар даярлайтын қысқа мерзімді курсте оқып, оны өте жақсы бағамен бітіріп шықтым. Содан кейін мені өзімнің туған жерім—Октябрь ауданындағы Ворошилов атындағы МТС-ке жіберді. Мен онда бір маусым егін жыйнадым. Бүкіл маусымда комбайнды тоқтаусыз жүргізіп, көп жанар, жағар майларын үнемдедім. Сөйтіп, МТС қамтуындағы колхоздарға айтарлықтай көмек көрсеттім.

Армия қатарынан келгеннен кейін екі мамандықты меңгеру мақсатымен Петропавл қаласындағы кәсіпорнына елесарьлық жұмысқа орналастым. Бұл мамандықты да жақсы игеріп алдым.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығының өнеркәсіп орындарында, мекемелерде істеп жүрген бұрынғы мамандарын колхоздарға, МТС-терге баруға шақырды. Комбайншы болғандықтан мен өзімнің туған МТС-ме баруға ұйғарып, тағы да комбайнмен колхоз егінін жыйнауға жіберуді сұрап арыз бердім. Тілегім орындалды, енді комбайншы боламын.

А. КОНОНОВ,
Комбайншы.

МТС-ке жолдама алдым

Біздің колхоздарымыз, МТС-теріміз бен совхоздарымыз ұйымдық -шаруашылық жағынан нығайып, отаншық жаңа техникалармен үздіксіз жабдықталып келеді. Сондықтан оларға агроном, зоотехник, мал дәрігері, комбайншы, тракторшы, шофер, ұста, ағаш шебері сияқты мамандықты меңгерген кадрлар көптеп керек болып отыр.

Менің мамандығым ұсталық және ағаш шеберлігі еді. Колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда бұл мамандықты меңгерген кадр болғанмен олар әлі де жеткіліксіз. Алмұның өзі ауыл шаруашылығының кейбір саласын өркендетуге керісінше әсерін тигізіп жүр. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулыларында бұл кемшіліктерді де жоюдың шаралары белгіленді. Пленум қаулыларымен танысқаннан кейін партиямыздың алға қойған міндеттерін жергілікті жерде жүзеге асыруға өз үлесімді қосу үшін мен МТС-ке жіберуді сұрап арыз берген едім. Булаев МТС-не ұста болып баруға жолдама алдым.

И. ПЕРЕТЯТЬКО,
Ұста және ағаш шебері.

*

I.

МТС-тердің тұрақты механизатор кадрлары туралы

1. Машина-трактор паркін пайдалануды жақсарту, трактор бригадалары қызметкерлерінің еңбек өнімділігін арттыру, колхоздарда ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға олардың ынталылығы мен жауапкершілігін арттыру және сонымен байланысты МТС-терді тұрақты механизатор кадрларымен қамтамасыз ету мақсатымен, машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларда комбайншылар, механик-комбайншылар, мақта жыйнайтын машиналарды жүргізуші механиктер, зығыржыйнағыш, зығырсіліккіш және конопля жыйнағыш машиналардың машинистері қандай тұрақты жұмысшылар болып отырса, тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері, бригадирлердің көмекшілері, экскаватор машинистері, экскаватор машинистерінің көмекшілері және есенші-май қуушылар да сондай тұрақты жұмысшылар, ал, ауылшаруашылық машиналары мен жер қазатын машиналардың тіркеушілері мен машинистері және комбайншылардың көмекшілері —маусымдық жұмысшылар болып есептелетін тәртіп орнатылсын.

Колхоздарда жай жемшөп қорын молайту үшін және ақызды сыдырта жырту, зябь жырту жөніндегі агротехникалық жағынан маңызды жұмыстардың жоспарын орындауды қамтамасыз ету үшін сабан мен топанды мезгілінде жыйнап, маңдаудың зор маңызы бар екенін еске алып, МТС-тердің қажет болған жағдайда, әңді дақылдарды жыйнаған кезде, шөмелеттегіште, шөп лақтырғышта, сүйретпеде жұмыс істеу үшін маусымды жұмысшылар, сондай-ақ мая салуды басқарушылар ұстауына, бұл жұмысшылардың еңбегіне тіркеушілер ретінде ақы төлеуіне рұқсат етілсін.

Егіс жұмыстарын жүргізген кезде колхоздар МТС-тердің машиналарында жұмыс істеу үшін машина-трактор станциялары

на маусымды жұмысшылар ретінде қажетті мөлшерде колхозшылар бөлін беретін болып белгіленсін. Маусымды жұмысшылар ретінде бөлінген колхозшыларды басқа жұмыстарға тек МТС-тің ризалығымен ғана ауыстыруға болады.

2. Трактор бригадаларының жұмысшыларына тракторларда, ауылшаруашылық машиналары мен жер қазатын машиналарда істеген жұмысы үшін машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар және колхоздар қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес—еңбекқұн және кесімді баға бойынша ақы төлейтін болып белгіленсін.

Трактор бригадаларының жұмысшылары үшін көзіргі қолданылып жүрген үстеме ақы және нақты жыйналған өнім бойынша анықталатын егін шығымдылығы жөніндегі жоспарлы тапсырманы орындауға байланысты қосымша еңбекқұн есептеу және ұстап қалу тәртібі, сонымен қатар нақты жыйналған өнім бойынша анықталатын егін шығымдылығы жөніндегі жоспарлы тапсырманы орындауға байланысты, ал алдағы жылдың егісіне арналған жұмыстар мен басқа жұмыстар үшін — бұларды орындау мерзімдеріне байланысты заттай кепілді минимум беру тәртібі сақталсын.

3. 1953 жылғы 1 октябрьден бастап трактор бригадалары жұмысшыларының еңбегіне, территориялық аймақтарға қарап, машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар ай сайын төлейтін ақшадай ақы әрбір еңбекқұн үшін мынадай мөлшерде белгіленсін:

Территориялық аймақтар бойынша бір еңбекқұнге төленетін ақы

	I	II	III	IV
Тракторшыларға, трактор бригадаларының бригадирлері мен олардың көмекшілеріне	5 сом	6 сом	7 сом	8 сом

Трактор бригадаларының жұмысшыларына берілетін азық-түлік астығын машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар дайындау ұйымдарынан алады. Трактор бригадалары жұмысшыларының қалауы бойынша, машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар, астықтың мемлекеттік сатып алу бағасына сүйене отырып, астықтың орнына ақша бере алады.

6. Колхоздар заттай ақы төлеумен қатар трактор бригадаларының жұмысшыларына тапқан еңбекқұндерінің кепілді минимум бойынша, сондай-ақ комбайнмен және басқа машиналармен егін жыйнау жөніндегі жұмысы үшін берілуге тиісті мөлшерде дайындау органдарына азық-түлік дақылдарының астығын өткізетін болып белгіленсін.

Азық-түлік әңді дақылдар егістері жоқ немесе азық-түліктік әңді дақылдарды шағын мөлшерде өсетін колхоздар трактор бригадалары жұмысшыларының еңбекқұндеріне кепілді минимум бойынша тиісті астықты дайындау пунктіне өткізу орнына, мемлекеттік сатып алу бағалары бойынша осы астықтың құнын еске ала отырып, машина-трактор станциясы мен арнаулы станцияның счетына ақша өткізе алады.

Колхозда еңбекқұнге берілетін астықтың нақты мөлшері кепілді минимумның мөлшерінен асып түсетін жағдайда, колхоз трактор бригадаларының тұрақты және маусымды жұмысшыларына еңбекқұнге нақты берілген астық пен кепілді минимум арасындағы айырмасын береді. Еңбекқұнге берілетін басқа өнімдерді колхоз трактор бригадаларының тұрақты және маусымды жұмысшыларына барлық колхозшылармен бірдей береді. Ақшадай табысты болған кезде колхоздар трактор бригадаларының тұрақты және маусымды жұмысшыларының тапқан еңбекқұндеріне басқа колхозшылармен бірдей берілетін тиісті қаржы сомасын машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларға өткізеді.

7. Егіс жұмыстары кезінде колхоздар МТС-термен жасасқан шарттар бойынша трактор бригадаларының жұмысшыларына тегін жатақхана, сонымен қатар колхоз басқармасының МТС-тің немесе арнаулы станцияның директорымен келісіп белгілеген бағалармен азық-түлік беретін болып белгіленсін. Трактор бригадаларының жұмысшыларына қоғамдық тамақ үшін берілген нан орындалған жұмыс үшін есеп айырысқан кезде олардан астықтай ұсталып қалады.

8. Республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттеріне және облыстық атқару комитеттеріне машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардың колхоздарда үй іргесіндегі участоктері жоқ, сол сияқты колхоздардан МТС-тер тұрған жерге көшіп

(Жалғасы 2-бетте).

МТС-тер мен колхоздарға жұмысқа баруға тілек білдіріп, арыз берген, Петропавл қаласының өнеркәсіп орындары мен мекемелерінде қызмет істейтін біртоп мамандар.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) бірінші қатарда: **В. Кулинич, А. Кононов** және **Л. Жданович**; екінші қатарда: **Н. Жуков, И. Перетятько, С. Сильченко, М. Шавшин** және **Г. Евдокимов** жолдастар.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінде

Машина-трактор станцияларының жұмысын онан әрі жақсарту шаралары туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

бәратын тракторшылар мен трактор бригадаларының басқа тұрақты жұмысшыларына, құрылыстар тұрған жерін қосқанда, 0,25 гектарға дейінгі мөлшерде үй іргесіндегі участоктер бөліп беру міндеттелсін.

Машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардың трактор бригадаларының жұмысшыларына үй іргесіндегі участоктер бөліп беру мемлекеттік қорды, қалалардың және басқа елді пункттердің жерлері, совхоздардың жерлері есебінен, сонымен қатар колхоздардың келісімімен олардың үй іргесіндегі бос жерлерінің қоры есебінен жүргізілсін.

Машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларда тұрақты жұмыска алынған тракторшылар мен трактор бригадаларының басқа жұмысшыларының колхоздарда мекеннен тұрған жеріндегі үй іргесіндегі участоктері, олардың қалауы бойынша, өздерінде сақталсын.

9. Мемлекеттік әлеуметтік хауіпсіздендіру жөніндегі жәрдемдер мен пенсиялар машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардың трактор бригадаларының тұрақты және маусымды жұмысшыларына, машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар арқылы алатын ақшалай және заттай ақысының барлық түрлеріне сүйене отырып, тағайындалатын және төленетін болып белгіленсін. Соның өзінде астық мемлекеттік сатып алу бағалары бойынша бағаланады.

Жәрдемдер мен пенсиялардың мөлшері белгіленгенде осы Қаулы шыққанға дейін МТС-терде, арнаулы станцияларда, сондай-ақ басқа мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарда істеген жұмысының барлық стажы есепке алынады.

Машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар әлеуметтік хауіпсіздендіру жарналарын жалақының жәрдемдер мен пенсиялар төлеген кезде есепке алынатын түрлерінен белгіленген тариф бойынша төлеп отыруға тиіс.

10. Трактор бригадалары жұмысшыларының демалыс уақытына ақы төлеу және жұмыстан шыққанда жәрдем төлеу үшін орташа табыспен есептеу, жұмысы мемлекеттік кәсіпорындардың жұмысшылары үшін белгіленген жалпы ережелер негізінде, жәрдемдер мен пенсиялар төлеген кезде орташа табысқа қосылатын ақшалай және заттай жалақының барлық түрлерін есепке ала отырып жүргізіледі.

II.

Машина-трактор станцияларын басшы және инженер-техник кадрларымен нығайту туралы

11. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының аса маңызды міндеті—машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларды басшы және инженер-техник кадрларымен нығайту деп саналсын, соның өзінде МТС-терің директорлары ретінде ауыл шаруашылығын механикаландыру жөнінде кәжетті даярлығы бар инженер-механиктер, сонымен қатар жоғары білімі бар агрономдар тағайындалуға тиіс екендігі ескке алынсын. МТС-тердің бас инженерлері, бас агрономдары және бас зоотехниктері қызметіне тек жоғары дәрежелі арнаулы білімі бар мамандар ғана тағайындалуға тиіс.

Арнаулы білімі жоқ, бірақ өз ісін практикада жақсы үйренген және МТС-ке іскерлікпен басшылық ететін МТС-тердің директорларын ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің рұқсатымен өз қызметтерінде қалдырып, олардың өз мамандығын арттыруына көмектесу керек.

12. Одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттеріне, СОКП өлкелік комитеттері мен облыстық комитеттеріне 1953 жылы өнеркәсіп пен халық шаруашылығының басқа салаларынан инженер-механиктерді іріктеп алып, машина-трактор станциялары мен арнаулы ауыл шаруашылығы мамандарының мамандығын арттыру жөніндегі курстар үшін белгіленген тыңдаушылар қабылдаудың жалпы контингенті шеңберінде жүргізілсін;

б) арнаулы орта білімі бар және бірқатар жылдар бойы МТС-те істеген жұмысында өздерін жақсы жағынан көрсеткен МТС-тердің директорлары мен бас инженерлерінің мамандығын арттыруына көмектесу үшін 1953 жылы Москваның В. М. Молотов атындағы ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты, Челябинскінің ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты, Харьковтың, Саратовтың, Мелитопольдің ауыл шаруашылығын механикаландыру институттары, Ташкенттің ауыл шаруашылығын механикаландыру және ирригация институты, Воронеждің ауылшаруашылық институты жанында ауыл шаруашылығының инженер-техниктерін даярлайтын, оқу мерзімі екі жыл, жыл сайын 700 адам қабылдайтын арнаулы факультеттер ұйымдастырылсын;

в) агрономиялық немесе экономикалық жоғары білімі бар МТС директорларының ауыл шаруашылығын механикаландыру саласындағы білімдерін арттыру үшін 1953 жылы тұрақты жұмыс істейтін, жылына 500 адам оқыйтын 6 айлық курстар ұйымдастырылсын;

г) ауылшаруашылық машиналарын жөндеу, техникалық қызмет көрсету, сақтау, тасымалдау, сондай-ақ ауылшаруашылық машиналарын пайдалану, жұмысты ұйымдастырудың озат әдістерін қолдану және жаңа кәсіпорындарды іске қосу есебінен трактор, комбайн двигательдерінің және басқа двигательдердің, сол сияқты автомобильдер мен металл кесетін станоктардың жөнделуін едәуір арттыру қамтамасыз етілсін;

б) 1954 — 1956 жылдары 9 жөндеу заводы және 6 ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойы салынсын, 1954 —1955 жылдары 36 жөндеу заводының және 15 ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойының басталған құрылысы аяқталып, іске қосылсын;

в) дизель тракторларының двигательдерін, автомобильдерді және станок құрал-жабдығын жөндеуді арттыру үшін 1954 —1955 жылдары 41 жөндеу заводы және 125 ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойы кеңейтілсін және қайта құрылсын.

42. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті халықшаруашылық жоспарларында жаңа жөндеу кәсіпорындарын салуға және қазіргі жөндеу кәсіпорындарын қайта құруға: 1954-жылы 350 миллион сом, 1955 жылы 500 миллион сом қаражат бөлінуін, сол сияқты құрал-жабдықтар мен материалдарға қорлар бөлінуін көздеуге міндеттелсін.

43. 1953 жылғы 1 октябрьден бастап ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің барлық жөндеу кәсіпорындары одақтық бюджеттің есебінен қаржыландыруға көшірілсін.

III.

Машина-трактор станцияларының жұмысын онан әрі жақсарту шаралары туралы

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті, ССРО Қаржы министрлігі, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттерінің 1954 — 1956 жылдары машина-трактор станцияларының жұмысшылары және инженер-техник қызметкерлері, қызметшілері үшін жеке пәтер үй құрылысын кеңінен күшейтуге міндеттелсін.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті, ССРО Қаржы министрлігі, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі:

а) 1954—1956 жылдары жеке пәтер үй құрылысына жыл сайын 450 миллион сом мөлшерінде қарыз бөлінуін көзден отыратын болсын және МТС-тердің жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне қарыздың алғаннан кейінгі үшінші жылдан бастап 10 жыл мерзім ішінде өтейтін етіп 12 мың сомға дейінгі мөлшерде қарыз беріп отыратын болсын;

б) халық шаруашылығы жоспарларында жеке пәтер үй салуда МТС қызметкерлеріне жәрдем көрсету үшін республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне құрылыс материалдарының бөлінуін көзден отыратын болсын.

Республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері құрылыс материалдарын тасуда, өнеркәсіп орындарында столярлық және темір буймдарын жасап алуда жеке үй салушыларға көмек көрсетіп отыратын болсын, сол сияқты жергілікті өндірістің есебінен кірпіш, әк, қор жасалмайтын басқа да материалдар беріп отыратын болсын.

37. ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі мен ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі 1954—1956 жылдары жөндеу мастерскойларын, гараждар мен сарайлар салу үшін ағаш фермаларының детальдарын, терезе және есік блоктарын, қақпа бағаналарын, МТС-тер үшін екі пәтерлі және бір пәтерлі құрама ағаш үйлерді де жасап, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, МТС-тердің құрылысына қатыстырылатын министрліктер мен мекемелерге тапсыруға міндеттелсін.

38. ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі мен Машина жасау өнеркәсіп министрлігі өздерінің кәсіпорындарында ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің заявкалары бойынша МТС-терде мастерскойлар, пәтер үйлер мен жатақханалар салуға санитарлық-техникалық құрал-жабдық, бу—су арматурасын, фитингтер, темір буймдар, вентиляторлар, дефлекторлар жасап, тапсырыуға міндеттелсін.

39. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1954—1956 жылдарға арналған

IV.

МТС-тердегі құрылыс және жөндеу базасын нығайту туралы

28. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, республикалардың Министрлігімен және ССРО Совхоздар министрлігімен бірге ССРО Министрлер Советіне ауыл шаруашылығын механикаландырудың қол өнері училищелерінде, ФЗО мектептеріне және ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелеріне басшылық етуді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар тапсыруға міндеттелсін.

23. Тракторны машинистер, механик комбайншылар және тракторшылар ауыл шаруашылығын механикаландырудың училищелері мен ФЗО мектептерін бітіргеннен кейін машина-трактор станциялары мен совхоздарда кемінде 2 жыл жұмыс істеуге міндетті болып белгіленсін және бұл уақыттың ішінде әскерге шақырылатын жастағы адамдар әскер қызметіне шақырылудан босатылатын болсын.

24. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті мәдениет министрліктер мен мекемелердің қол өнер училищелері мен ФЗО мектептерін бітіретін жас жұмысшыларды бөлу жоспарларында ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің, ССРО Совхоздар министрлігінің кәсіп орындары мен құрылыстарына керекті мөлшерде слесарьлар, токарьлар, ұсталар, сол сияқты, құрылыс жұмысшылары жіберілуін көздеуге міндеттелсін.

25. Ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінде училищелердің оқушыларын киммен, аяқкиммен, ішкиммен және төсек-орынмен қамтамасыз етудің қол өнер училищелерінің оқушылары үшін белгіленген тәртібі мен нормалары қолданылсын.

Ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінің оқушылары Үкметтің ССРО Мәдениет министрлігінің арнаулы қол өнері училищелерінің оқушылары үшін белгілеген нормалары бойынша тамақтандырылсын.

26. ССРО Финанс министрлігі 1954—1955 жылдарға арнап ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі үшін ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінің үйлерін күрделі жөндеуге 70 миллион сом мөлшерінде, соның ішінде 1954 жылы 40 миллион сом мөлшерінде нормативтерден тыс, қосымша қаражат бөлінуін көздеуге міндеттелсін.

27. Ауыл шаруашылығын механикаландырудың училищелеріне ССРО Мәдениет министрлігінің еңбек резервтері системасының тиісінше оқу орындары мен олардың қызметкерлері үшін белгіленген үлгі штаттар, ал бұл училищелердің қызметкерлеріне, қызмет окладтары, жеңілдіктер мен сыйлық беру ережелері қолданылсын.

36. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті, ССРО Финанс министрлігі, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері 1954 — 1956 жылдары машина-трактор станцияларының жұмысшылары және инженер-техник қызметкерлері, қызметшілері үшін жеке пәтер үй құрылысын кеңінен күшейтуге міндеттелсін.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті, ССРО Финанс министрлігі, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі:

а) 1954—1956 жылдары жеке пәтер үй құрылысына жыл сайын 450 миллион сом мөлшерінде қарыз бөлінуін көзден отыратын болсын және МТС-тердің жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне қарыздың алғаннан кейінгі үшінші жылдан бастап 10 жыл мерзім ішінде өтейтін етіп 12 мың сомға дейінгі мөлшерде қарыз беріп отыратын болсын;

б) халық шаруашылығы жоспарларында жеке пәтер үй салуда МТС қызметкерлеріне жәрдем көрсету үшін республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне құрылыс материалдарының бөлінуін көзден отыратын болсын.

Республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері құрылыс материалдарын тасуда, өнеркәсіп орындарында столярлық және темір буймдарын жасап алуда жеке үй салушыларға көмек көрсетіп отыратын болсын, сол сияқты жергілікті өндірістің есебінен кірпіш, әк, қор жасалмайтын басқа да материалдар беріп отыратын болсын.

37. ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі мен ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі 1954—1956 жылдары жөндеу мастерскойларын, гараждар мен сарайлар салу үшін ағаш фермаларының детальдарын, терезе және есік блоктарын, қақпа бағаналарын, МТС-тер үшін екі пәтерлі және бір пәтерлі құрама ағаш үйлерді де жасап, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, МТС-тердің құрылысына қатыстырылатын министрліктер мен мекемелерге тапсыруға міндеттелсін.

38. ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі мен Машина жасау өнеркәсіп министрлігі өздерінің кәсіпорындарында ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің заявкалары бойынша МТС-терде мастерскойлар, пәтер үйлер мен жатақханалар салуға санитарлық-техникалық құрал-жабдық, бу—су арматурасын, фитингтер, темір буймдар, вентиляторлар, дефлекторлар жасап, тапсырыуға міндеттелсін.

39. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1954—1956 жылдарға арналған

тәрезе шынысы бөлінуін көздеуге міндеттелсін;

б) Ауылшаруашылық банкі үйлерді, құрылыстар мен құрал-жабдықтарды күрделі жөндеу жөніндегі тоқсандық тапсырмаларын әсіра орындап отырған машина-трактор станцияларын бөлінетін тоқсандық қаражаттан тыс, қаржыландырудың жылдық жоспары шеңберінде қаржыландырып отыруға міндеттелсін;

в) ССРО Финанс министрлігі 1954 жылдан бастап, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардың үйлерді, құрылыстар мен құрал-жабдықты күрделі жөндеуіне үйлердің, құрылыстар мен құрал-жабдықтың баланс құнының 4,5 процент мөлшерінде одақтық бюджет бойынша қаражат бөлінуін көздеуге міндеттелсін; 1953 жылға арнап, бекітілген бюджетке сәйкес бұл мақсат үшін оған қосымша 200 миллион сом беретін болсын.

41. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері мыналарды істеуге міндеттелсін:

а) жөндеу заводтары мен аудаңаралық күрделі жөндеу мастерскойларының жұмысын негізінен жақсарту шаралары істелсін. Жөндеу кәсіпорындарының қолда бар өндірістік қуаттарын толық пайдалану, жұмысты ұйымдастырудың озат әдістерін қолдану және жаңа кәсіпорындарды іске қосу есебінен трактор, комбайн двигательдерінің және басқа двигательдердің, сол сияқты автомобильдер мен металл кесетін станоктардың жөнделуін едәуір арттыру қамтамасыз етілсін;

б) 1954 — 1956 жылдары 9 жөндеу заводы және 6 ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойы салынсын, 1954 —1955 жылдары 36 жөндеу заводының және 15 ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойының басталған құрылысы аяқталып, іске қосылсын;

в) дизель тракторларының двигательдерін, автомобильдерді және станок құрал-жабдығын жөндеуді арттыру үшін 1954 —1955 жылдары 41 жөндеу заводы және 125 ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойы кеңейтілсін және қайта құрылсын.

42. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті халықшаруашылық жоспарларында жаңа жөндеу кәсіпорындарын салуға және қазіргі жөндеу кәсіпорындарын қайта құруға: 1954-жылы 350 миллион сом, 1955 жылы 500 миллион сом қаражат бөлінуін, сол сияқты құрал-жабдықтар мен материалдарға қорлар бөлінуін көздеуге міндеттелсін.

43. 1953 жылғы 1 октябрьден бастап ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің барлық жөндеу кәсіпорындары одақтық бюджеттің есебінен қаржыландыруға көшірілсін.

лер және жөндеу мастерскойларының меңгерушілері болып жұмыс істеуге жіберу міндеттелсін.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттерімен, СОКП өлкелік комитеттерімен және облыстық комитеттерімен келісіп, өркендеген өнеркәсібі бар облыстардан, өлкелер мен республикалардан инженер-техник кадрларымен аз қамтамасыз етілген облыстарға, өлкелер мен республикаларға машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларда жұмыс істеу үшін инженерлер мен техниктер жіберу туралы ұсыныстар әзірлеп, бұл ұсыныстарды ССРО Министрлер Советінің бекітуіне тапсырсын.

Жергілікті партия және совет органдары МТС-терге жіберетін инженерлер мен техниктерді тиісті министрліктер мен ведомстволар жұмыстан кідіргісіз босататын болып белгіленсін.

13. ССРО Мәдениет министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) 1954—1955 жылдары ауыл шаруашылығын механикаландыру институттары мен басқа техникалық жоғары оқу орындарын бітіретін жас мамандардың ішінен МТС-терде жұмыс істеу үшін ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне 6500 инженер-механиктер, соның ішінде 1954 жылы 2500 инженер жіберетін болсын;

б) институттарға және ауыл шаруашылығын механикаландыру-электрлендіру факультеттеріне қабылданатын студенттердің саны көбейтілін, ол 1955 жылы жылына 7500 адамға жеткізілсін;

в) ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институттары мен факультеттерінің су-өндіріс базасын ұлғайту туралы бір ай мерзім ішінде ССРО Министрлер Советіне ұсыныстар енгізетін болсын.

14. Машина-трактор станцияларында жұмыс істейтін мамандардың мамандығын арттыру мақсатымен, ССРО Мәдениет министрлігі ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігімен келісіп, мыналарды орындауға міндеттелсін:

а) 1953 жылы ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институттары жанында МТС-тердің басшы қызметкерлері мен мамандарын жетілдіретін екі институт және ауылшаруашылық институттарында МТС-тердің басшы қызметкерлері мен мамандарының мамандығын арттыру жөнінде тұрақты жұмыс істейтін курстар ұйымдастырылсын, олардың жалпы контингенті жылына 1000 адам, оқу мерзімі мамандықты жетілдіру институттарында 6 ай және мамандықты арттыру жөніндегі курстарда—3 ай болып белгіленсін.

1953 жылы мамандықты жетілдіру институттарына және МТС-тердің басшы қызметкерлерінің мамандығын арттыру жөніндегі курстарға тыңдаушылар қабылдау

15. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне 1953 жылдан бастап ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумдарында МТС-тердің практик-механиктерінің мамандығын арттыру үшін оқу мерзімі 2 жыл, жылына 1000 адам қабылдайтын арнаулы бөлімшелер ұйымдастыру міндеттелсін.

Жоғарыда көрсетілген техникумдардың 2 жылдық бөлімшелеріне республикалық ауыл шаруашылығы және дайындау министрліктерінің, өлкелік және облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармаларының жолдауы бойынша, МТС-тердің кемінде 7 жылдық білімі бар практик-механиктері алынатын болып белгіленсін. Техникумдардың 2 жылдық бөлімшелерін бітіріп, емтихан өткізген механиктерге техник-механик атағы беріліп, диплом тапсырылады.

16. Өнеркәсіптік және басқа кәсіпорындар мен ұйымдардан машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларда жұмыс істеуге ауыстырылған мамандар үшін, 55 жасқа толғанда және жалпы еңбек стажы 25 жыл, МТС-те жұмыс істеген стажы кемінде 5 жыл болғанда, ССРО Министрлер Советінің 1951 жылғы 29 сентябрьдегі № 3688 Қаулысымен тағайындалған пенсиялар төленетін болып белгіленсін.

17. ССРО Халық Комиссарлары Советінің 1944 жылғы 9 январьдағы № 30 Қаулысының 5-пунктінің тегін пәтер, отын және жарық беру жайындағы бөлімінің күші, МТС-тердің тұрған жерлеріне қарамастан, МТС-тердің директорлары мен олардың орынбасарларына қолданылатын болсын, сонымен қатар МТС-тердің жұмысшылары, қызметшілері және мамандары қолма-қол ақша төлейтін жоспарлы отынмен қамтамасыз етілетін болсын.

18. Халық шаруашылығының басқа салаларынан, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің системасынан машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларда жұмыс істеу үшін директорлардың, бас инженерлердің және жөндеу мастерскойлары меңгерушілерінің қызметіне ауыстырылған мамандардың бұрынғы жұмыс орнындағы қызмет ақылары, бұл ақылар машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларда олар тағайындалатын лауазымдарға белгіленген ақылардан жоғары болған жағдайда, осы лауазымдарда жұмыс істеген уақытында сақталатын болсын.

19. Халық шаруашылығының басқа салаларынан, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің системасынан машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардағы жұмысқа жіберілетін инженерлер мен техниктерге олардың бұрынғы жұмыс орнында алатын 3 айлық ақысы мөлшерінде біржолғы жәрдем берілсін және. Еңбек туралы заңдар кодексінің 82-статьясына сәйкес, олардың жаңа жұмысқа ауысуына байланысты шығындары төленетін болсын.

III.

Ауыл шаруашылығы үшін механизатор кадрлар даярлау туралы

20. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, ССРО Мәдениет министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері маман механизатор кадрлар даярлауды онан әрі жақсарту мақсатымен 1953 жылғы 1 октябрьден бастап

митеттері мен облыстық атқару комитеттері 1953—1956 жылдары әрбір машина-трактор станциясы мен арнаулы станцияның жанында тракторларды, комбайндарды, ауылшаруашылық, жер қазу және арнаулы машиналарды, сол сияқты МТС-тер мен колхоздардың автомобильдерін жөндеу үшін жөндеу базасы құрылуын қамтамасыз етуге міндеттелсін.

Әрбір машина-трактор станциясы мен арнаулы станцияның, ереже ретінде, үлгі жөндеу мастерскойы, тракторларды сақтау үшін кемінде екі-үш гаражы, комбайндарды сақтайтын екі-үш сарайы, ауыл шаруашылық машиналарын сақтайтын кәректі мөлшерде қалқалары мен ашық бетон алаңдары, мұнай базасы, автогаражы, запас бөлшектердің склады, конторы, мошпасы, жұмысшыларға арналған жатақхана, керекті пәтер үйлері, сумен жабдықтау орны және ең қарапайым канализациясы болуы керек деп саналсын.

1954 жылдан бастап жаңадан ұйымдастырылатын МТС-терді тракторлармен, машиналармен және құрал-жабдықпен жабдықтау ісі және оларды пайдалануға беру үлгі жобасына сәйкес МТС-тің өндірістік және басқа құрылыстары салынып болған нан кейін жүргізілетін болып белгіленсін.

29. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мыналарды істеуге міндеттелсін:

а) 1953 жылы халықшаруашылық жоспары бойынша көзделген 673 мастерскойдың, 1130 сарай мен қалқаның және 81.200 шаршы метр пәтер үйдің салынып болып, пайдалануға берілуін қамтамасыз ететін болсын және МТС-терде 500 жаңа мастерскойдың қосымша салынуын бастайтын болсын.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне 1953 жылы жаңа мастерскойлар салу жөніндегі жұмыстарды белгілеуге 75 миллион сом қосымша қаражат жұмсауына право берілсін;

б) 1954—1956 жылдары машина-трактор станцияларында 4200 жөндеу мастерскойы, тракторларды сақтайтын 8400 гараж, комбайндарды сақтау үшін 8400 сарай, ауылшаруашылық машиналарын сақтау үшін 15 мың қалқа мен 15 мың ашық бетон алаңдары, 2880 мұнай базасы, 3600 автогараж, запас бөлшектер сақтайтын 3600 склад, 10800 пәтер үй, 3000 жатақхана салынып пайдалануға берілсін, сол сияқты сумен жабдықтау орындары, ең қарапайым канализация өткізілсін және МТС-терде басқа да құрылыстар мен объектілер салынсын.

30. Машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардың жөндеу мастерскойларының құрал-жабдық табелі бекітілсін.

31. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі белгіленген жоспарға сәйкес МТС-тердің өндірістік және басқа объектілерін салуға, сол сияқты, алдағы жылы салынуға тиісті жөндеу мастерскойларының іргесін салуға жыл сайын халық шаруашылығы жоспарларында қаражат пен материал бөлінуін көздеп отыруға міндеттелсін.

32. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық шаруашылығы жоспарларында машина-трактор станцияларында жөндеу мастерскойларын, гараждар, сарайлар, қал-

және дайындау министрлігіне 1954 жылы —3256 миллион сом, 1955 жылы—3504 миллион сом және 1956 жылы —3752 миллион сом бөлінуін көздеуге міндеттелсін.

33. Машина-трактор станцияларының жөндеу базасын ұйымдастыруда көмек көрсету мақсатымен құрылыс және өнеркәсін министрліктері мен мекемелеріне 2000 жөндеу мастерскойын, тракторлар үшін 4000 гараж, комбайн үшін 4000 сарай, 4000 пәтер үй, 2000 жатақхана және МТС-те басқа да объектілер салу жүктелсін.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті министрліктер мен мекемелердің өткерме жұмыстарының жоспарына жылма-жыл машина-трактор станцияларының жоғарыда көрсетілген объектілерінің салынуын, соның ішінде 1954 жылға арнап 600 жөндеу мастерскойы, тракторлар үшін 1200 гараж, комбайндар үшін 1200 сарай, 1200 пәтер үй, 600 жатақхана салынуын; 1955 және 1956 жылдарға арнап жыл сайын 700 жөндеу мастерскойы, тракторлар үшін 1400 гараж, комбайн үшін 1400 сарай, 1400 пәтер үй, 700 жатақхана және басқа объектілер салынуын енгізіп отыратын болсын.

Министрліктер мен мекемелердің құрылыс және монтаж ұйымдарының МТС-тердегі құрылысқа қатыстырылатын жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері және қызметшілері үшін еңбекақы төлеу шарттары, коэффициенттік үстемелер, жұмыс нормалары мен баға нормалары және міндегі жеңілдіктер мен артықшылықтар, Үкімет қаулысы бойынша олардың бұрын жұмыс істеген құрылыстарында олар үшін белгіленген басқа да жеңілдіктер мен артықшылықтар 1954 —1955 жылдарға сақталсын.

34. Транспорт және зуыр машина жасау өнеркәсін министрлігі бір ай мерзімнің ішінде ССРО Министрлер Советіне бу күшімен жүретін, буды өзінде сақтайтын, отынмен (ағаш, көмір, шымтезек) жұмыс істейтін, қуаты 100 аттың күшіндей, установкаларды электрогенератор және бөлу щиттерімен комплекті түрде өндіруді ұйымдастыру туралы ұсыныстар тапсыруға міндеттелсін, мұнда бұл установкаларды 1954 жылы 1000 дана 1955 жылы 3000 дана мөлшерінде жасап шығарып, машина-трактор станцияларында орнату ескеалынсын.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне МТС мастерскойларын бу күшімен жүретін установкалармен толық қамтамасыз еткенге дейін МТС электр станцияларында, сол сияқты темір жолдан қашық МТС-терде, отынның жергілікті түрлері болмаған күнде, жалпы қуаты 100 аттың күшіне дейінгі дизельдерді бастауын двигательдер ретінде пайдалануға право берілсін.

35. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне жергілікті және кооперативтік өнеркәсін орындары жасап шығаратын кірпіш пен әкті облыстық атқару комитеттері, өлкелік атқару комитеттері, республикалардың Министрлер Советтері бекіткен баға бойынша сатып алуына право берілсін, бұл құрылыс материалдарының құны МТС-тердегі құрылыс жөніндегі смета—финанс есептеріне енгізілсін, сол сияқты, оның жөндеу мастерскойлары мен гараждар салу үшін ормансыз аудандарда құрама темірлі бетонды қолдануына право берілсін.

және дайындау министрлігіне құрылыс-монтаж конторлары мен трестерді және МТС-терді толықтыру үшін 480 құрылысшы инженер, 6000 құрылысшы техник, соның ішінде: 1954 жылы 200 инженер мен 1500 техник, 1955 жылы 280 инженер мен 2000 техник, 1956 жылы 2500 техник жіберілуін көздеуге міндеттелсін.

40. Машина-трактор станцияларына мастерскойлар, гараждар, сарайлар, пәтер үйлер жөндеуде көмек көрсету мақсатымен:

а) ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1954 жылы ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне МТС-терде үйлер мен құрылыстарды жөндеу үшін 7000 мың дана шифер плиткасы, 720 мың шаршы метр үй төбесін жабатын жұмсақ заттар, 220 мың текше метр жұмыр ағаш және 100 мың текше метр

Советтері одақтық бюджет қаражатының есебінен қаржыландыруға көшірілетін жөндеу кәсіпорындарының меншікті айналым қаражатының кемістігін 1953 жылғы 1 октябрьдегі белгіленген нормативке дейін толықтыратын болсын.

ССРО Финанс министрлігі бюджеттің орындалуы ретінде ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің 1953 жылға арналған кірістер мен шығыстар балансына және одақтас республикалардың бюджеттеріне тиісті өзгерістер енгізетін болсын.

44. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне 1954 — 1955 жылдардың ішінде жөндеу кәсіпорындарының үйлер мен құрылыстар жөнінде бөлетін барлық амортизациялық қаражатын сол кәсіпорындардың өндірістік және қызмет үйлерін күрделі жөндеуге айналдыруына право берілсін.

V.

Машина-трактор паркін пайдалануды жақсарту туралы

45. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері МТС-терде машина-трактор паркін пайдалануды елеуір жақсартуға және трактор бригадаларында еңбек ұйымдастыруға шаралар белгілеуге міндеттелсін;

барлық тракторшылардың, комбайншылар мен машинистердің сменалық жұмыс нормаларын орындауы қамтамасыз етілсін, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын техникалық жағынан күрделі күту және жөндеу жұмыстарын МТС-тердің тұрақты қызметкері болып табылатын жөндеу жұмысшыларының арнаулы бригадаларының күшімен көшпелі автомастерскойлардың жүргізуін ұйымдастыруға міндеттелсін. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын ай сайын және жеңіл түрде дүркін-дүркін техникалық жағынан күтуді өздігінен жүзеге асырып отыру тракторшылардың міндетіне жүктелсін.

46. Трактор бригадаларының қызметкерлері үшін тиісті өндірістік және тұрмыс жағдайларын жасау мақсатымен барлық МТС-терде әрбір трактор бригадасына арналған тұрақты егіс қосынын жабдықталуы керек деп саналсын. Осыхен байланысты:

а) колхоздарға 1953 жылдың аяғына дейін трактор бригадаларына егіс қостарын ұйымдастыру үшін, ауыспалы егіс танаптарының орналастырылуын есепке ала отырып, тұрақты жер учаскелерін бөліп беру ұсынылсын; трактор бригадалары мен егіс бригадаларының қостарын мүмкін болғанынша, бір учаскеде орналастыру көзделсін;

б) МТС директорлары 1954 жылдың егіс жұмыстары басталмастан бұрын трактор бригадаларының күшімен егіс қостарын қоршау жұмысын жүргізуге, машиналар тоқтайтын алаңдар мен мұнай қоймаларын жабдықтауға міндеттелсін;

в) республикалардың Министрлер Советтері және ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1954 және 1955 жылдарға арналған халықшаруашылық жоспарларында одақтық және жергілікті өнеркәсіптің кәсіпорындарында трактор бригадаларының жұмысшылары тұруына арналып жабдықталған 80 мың далалық вагоншаларды жасап шығарып, МТС-терге тапсыруын көздеуге міндеттелсін. МТС-тер далалық вагоншалар үшін ақыны күрделі құрылысқа бөлінген қаражаттың есебінен төлейтін болсын;

г) колхоздарға 1954—1955 жылдары трактор бригадаларының егіс қостарында

жатақханалар, машиналарды сақтау үшін және машиналарды техникалық жағынан күту үшін қалқалар, далалық кухнялар және жанармай мен жағармайға арналған тұрақты қоймалар салу ұсынылсын.

47. Трактор бригадаларын техникалық жағынан қамту ісін жақсарту мақсатымен ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі егіс жұмыстары маусымында тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын техникалық жағынан күрделі күту және жөндеу жұмыстарын МТС-тердің тұрақты қызметкері болып табылатын жөндеу жұмысшыларының арнаулы бригадаларының күшімен көшпелі автомастерскойлардың жүргізуін ұйымдастыруға міндеттелсін. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын ай сайын және жеңіл түрде дүркін-дүркін техникалық жағынан күтуді өздігінен жүзеге асырып отыру тракторшылардың міндетіне жүктелсін.

48. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі 1954—1955 жылдары трактор бригадаларын техникалық жағынан қамту үшін керекті 18.000 көшпелі автомастерскойлардың өз заводтарында жасалуын, оның ішінде 1954 жылы 8000 және 1955 жылы 10.000 көшпелі автомастерскойлар жасалуын қамтамасыз етуге міндеттелсін.

49. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері, 1954 жылдан бастан, барлық МТС-терде радиостанциялар мен телефон байланысын пайдаланатын диспетчерлік қызмет ұйымдастыруға міндеттелсін.

ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті 1954—1955 жылдардың халықшаруашылық жоспарларында 45 000 «Урожай» радиостанцияларын, соның ішінде 1954 жылы 20 000 радиостанция жасалып, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне жеткізілуін, сонымен қатар радиостанциялардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде аккумуляторлар, бақылау-өлшеу аппаратурасы, запас бөлшектер және басқа жабдықтар мен материалдар бөлінуін қарастыратын болсын.

(Соны 3-бетте).

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінде

Машина-трактор станцияларының жұмысын онан әрі жақсарту шаралары туралы

(Соңы. Басы 1-2-беттерде).

50. Машина-трактор паркінің бүкіл ауылшаруашылық жұмыстары кезінде дұрыс және жұмыска жарамды күйде ұстылуын қамтамасыз ету мақсатымен ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттеріне және облыстық атқару комитеттеріне мынадай міндеттер жүктелсін:

а) 1954 —1955 жылдары әрбір машина-трактор станциясы мен совхозда трактор бригадаларының техникалық мұқтажын қамту үшін тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының агрегаттары мен тораптарының айырбас қоры жасалсын.

Жоғарыда көрсетілген айырбас қоры запас бөлшектерді жұмсаудың белгіленген нормаларынан тыс бір мезгілде жасалады.

б) 1954—1955 жылдары жөндеу заводтарында, ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойларында және совхозаралық мастерскойларда әрбір облыстағы, өлке мен республикадағы машиналар паркінің 10 проценті мөлшерінде жөндеуге бөлінетін запас бөлшектерді жұмсау нормаларынан тыс, тракторлар мен автомобильдердің агрегаттары мен тораптарының айырбас қорын жасау анықталсын.

ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті 1954—1955 жылдардың халықшаруашылық жоспарларында МТС-тер, совхоздар және жөндеу кәсіпорындары үшін белгіленген тұрақты нормативтік запастан және запас бөлшектерді жұмсау нормаларынан тыс, тракторлардың, ауылшаруашылық машиналарының және автомобильдердің айырбас қорының агрегаттары мен тораптарының жасалып, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен ССРО Совхоздар министрлігіне жеткізілуін қарастыратын болсын.

Мынадай жабдықтар жасалып, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен ССРО Совхоздар министрлігінің жөндеу кәсіпорындарына жеткізілуі көзделсін:

	(дана есебімен) 1954 ж.	1955 ж
ДТ-54, С-80, КД-35 және «Универсал» тракторларының двигательдері	6500	14500
Дизельді тракторлардың жүргізу двигательдері	7000	9500
Тракторлардың форсункалы оттық насостары	6000	10500

51. Машина- трактор паркінің сақталуына МТС-тердің жауапкершілігін арттыру және тракторларды, комбайндарды, ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді, орындалатын трактор жұмыстарының көлеміне қарай, мезгілінде қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатымен, ССРО [illegible]

б) жер қазатын машиналардың, өздігінен жүретін пішен машиналарының және басқа машиналардың республикалар, өлкелер мен облыстар бойынша орташа жөндеуаралық жұмыс мерзімдері бекітілсін.

53. Республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттеріне және облыстық атқару комитеттеріне, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен ССРО Совхоздар министрлігі республикалар, өлкелер мен облыстар үшін белгілейтін орташа жөндеуаралық мерзімдер шеңберінде, 2 ай мерзім ішінде жеке машина-трактор станциялары, арнаулы станциялар және совхоздар бойынша тракторлар мен комбайндардың жөндеуаралық жұмыс мерзімдерін бекіту міндеттелсін.

54. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу және пайдалану жөніндегі ғылми жағынан негізделген әдістерді белгілеу, озат тәжірибені қорытып, өндіріске енгізу үшін ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінде, ауыл шаруашылығын механикаландырудың Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институтының тракторлар мен автомобильдерді жөндеу және пайдалану лабораториялары мен Перов механикалық заводы негізінде, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің және пайдаланудың, Мемлекеттік одақтық ғылми-зерттеу технологиялық институты ұйымдастырылсын, оның жанында тәжрибе заводы болсын, бұл институтқа мынадай міндеттер жүктелсін:

а) машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар, ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойлары мен жөндеу заводтары үшін тракторлар, комбайндар, автомобильдер, ауылшаруашылық және арнаулы машиналар, тұрақты двигательдер мен станок жабдықтарын жөндеуді ұйымдастырудың бірыңғай технологиясы мен әдістері жасалсын;

б) тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге және техникалық жағынан қамтуға керекті жабдықтардың, аспаптардың және тетіктердің конструкциялары жасалсын;

в) тракторларды, комбайндарды, ауылшаруашылық және арнаулы машиналарды, станок жабдықтары мен электр қуатының жабдықтарын техникалық жағынан пайдалану және техникалық жағынан күту ережелері жасалсын;

г) тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу және пайдалану жұмысында еңбек ұйымдастыруды жақсарту, еңбекті, жұмсалатын запас бөлшектерді, металды және жөндеу материалдарын нормалау жөнінде шаралар белгіленсін;

д) тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу және пайдалану жөніндегі озат тәжрибе қорытылсын және оларды жөндеу, техникалық жағынан қамту жөніндегі техникалық документтер басып шығарылсын.

55. ССРО Ауыл шаруашылығы [illegible] және дайындау [illegible]

Агрономдар мен зоотехниктердің агрономиялық және зоотехниялық шаралар жөніндегі, еңбек ұйымдастыру мәселелері жөніндегі және МТС-тердің колхоздармен жасасқан шарттарын орындауға байланысты мәселелер жөніндегі нұсқаулары колхоздардың басқармалары немесе председательдері арқылы берілетін болып белгіленсін.

59. МТС-тер мен колхоздар орындайтын ауылшаруашылық жұмыстарының сапасын бақылауды күшейту мақсатымен, машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардың бас агрономдарына ауылшаруашылық жұмыстарының сапасын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың міндеттері жүктелсін.

Бас агрономның ауылшаруашылық жұмыстарының агротехникасы мен сапасы мәселелері жөніндегі нұсқаулары мен жарлықтары міндетті түрде орындалуға тиіс және оларды тек облыстық, өлкелік ауыл шаруашылығы және дайындау басқармалары мен республикалардың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрліктері ғана бұза алатын болып белгіленсін.

Машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардың бас агрономдарын облыстық, өлкелік ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының бастығы, республиканың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрі жұмысқа тағайындап, жұмыстан босатады.

60. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне колхоздарда тұрақты жұмыс істеуге жіберілген МТС-тердің агрономдары мен зоотехниктері, МТС-тердің бас агрономдары мен бас зоотехниктері туралы үш ай мерзім ішінде осы көрсетілген қызметкерлердің провалдары мен міндеттерін белгілейтін Ережелер жасап, бекіту міндеттелсін.

61. Колхоздарға жіберілген агрономдар мен зоотехниктердің, сонымен қатар МТС-тердің штаттарына ауыстырылған аудандық тұқым шаруашылықтары агрономдарының қызмет ақылары МТС-тердің участоктік агрономдарының қолданылып жүрген ақылары мөлшерінде, мамандығы жөніндегі жұмыс стажы үшін тиісті үстеме ақы қоса белгіленетін болсын.

МТС-тің бас зоотехнигінің қызмет ақысы МТС-тің бас агрономы ақысының мөлшерінде, ал МТС-тің аға мал дәрігерінің қызмет ақысы МТС-тің бас зоотехнигінің ақысынан 10 процент кем болып белгіленсін, олардың мамандығы жөніндегі жұмыс стажы үшін төленетін тиісті үстеме ақылары сақталсын.

62. Колхоздарда тұрақты жұмыс істеуге жіберілген МТС-тердің агрономдары мен зоотехниктерін ынталандыру мақсатымен, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігі жөнінде белгіленген жоспарлардың орындалуын өз жұмысымен қамтамасыз еткен жоғарыда көрсетілген мамандарға жылдың аяғында, колхозшылардың жалпы жиналысының қаулысы бойынша, осы колхоздың председателіне бір жыл ішінде есептелген еңбеккүндердің 10—20 проценті мөлшерінде еңбеккүн есептеу колхоздарға ұсынылсын.

63. Жоғары және орта білімдері бар агрономдары мен зоотехниктері колхоздарда жұмыс істеу үшін машина-трактор станцияларына мамандар қызметіне өздерінен жіберілетін министрліктердің, ведомстволардың, ғылми-зерттеу мекемелері мен басқа ұйымдардың басшыларына осы көрсетілген мамандарды жөнелтуге байланысты шығындарды, Еңбек туралы заңдар кодексінің 82-статьясына сәйкес, осы мекемелер мен ұйымдардың қаржысы есебінен төлеу және оның үстіне, буларды облыстан, өлкеден, республикадан тыс жерлерге жіберген күнде, олардың алатын үш айлық жалақысы мөлшерінде бірколғы жәрдем беру міндеттелсін.

64. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, ССРО Финанс министрлігімен бірлесе отырып колхоздарда ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы жөніндегі жоспарларды, қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жоспарларын орындағаны және асыра орындағаны үшін, тағы басқа көрсеткіштері үшін колхоздарда жұмыс істейтін МТС агрономдары мен зоотехниктеріне сыйлық беру туралы 2 ай мерзім ішінде ұсыныстар жасап, ССРО Министрлер Советіне тапсыру міндеттелсін.

65. Колхоздарда жұмыс істейтін МТС агрономдары мен зоотехниктеріне ауласында шаруашылық құрылыстары бар тұрғын үйлер беру, оларға белгіленген нормалар бойынша үй іргесіндегі участоктер бөліп беру, олардың жеке тұрғын үйлер салуына көмек көрсету және жүйтіруына тегін көлік беріп отыру колхоздарға ұсынылсын.

66. ССРО Финанс министрлігіне колхоздарда жұмыс істейтін МТС агрономдары мен зоотехниктері үшін тұрғын үйлер салуға, бір тұрғын үйге 10 мың сомға дейінгі мөлшерде, несие берілгеннен кейінгі үшінші жылдан бастап 10 жыл мерзім ішінде төлеу шартымен, колхоздарға Ауылшаруашылық банкінен несие беріп отыру міндеттелсін.

67. Машина-трактор станциялары өз колхоздарын қамтымайтын аудандарда колхоздарды агрономиялық, зоотехниялық және малдәрігерлік жағынан қамтудың кезіргі тәртібі, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармалары мен олардың зоотехникалық-малдәрігерлік жүйесінің штаттары, сонымен қатар агрономдарға, зоотехниктерге және малдәрігерлік қызметкерлерге ақы төлеу тәртібі сақталатын болып белгіленсін.

VII.

Ауыл шаруашылығын

жағармайды босатумен бірге оларға норма бойынша тиісті мөлшерде асфо фильтрлерін босатуға міндетті болатын тәртін орнатылсын. Главнефтесбыттың мұнай базаларына асфо фильтрлерін оларды тракторларда белгіленген мерзіміне сәйкес уақытында ауыстырып отыруға мүмкіндік беретін мөлшерде жеткізу шаралары істелсін.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті халықшаруашылық жоспарларында Мұнай өнеркәсін министрлігіне асфо фильтрлерін өндіру үшін картон мен басқа да материалдар бөлінуін көздейтін болсын.

73. Мұнай өнеркәсін министрлігі, 1954 жылдан бастап, пайдаланылған майды өзінің кәсіпорындарында ауыл шаруашылығы үшін қайтадан қалпына келтіруді ұйымдастыруға міндеттелсін.

Осымен байланысты, МТС-тер мен совхоздар, 1955 жылдан бастап, пайдаланылған майды қайтадан қалпына келтіруден босатылсын.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті Мұнай өнеркәсін министрлігімен, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігімен, ССРО Совхоздар министрлігімен бірге бір ай мерзімнің ішінде ССРО Министрлер Советіне Мұнай өнеркәсін министрлігінің системасында пайдаланылған майды қайтадан қалпына келтіру және өңдеу жұмысын ұйымдастыру туралы ұсыныстар тапсыратын болсын.

74. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен Машина жасау өнеркәсін министрлігі жаңа ауыл шаруашылық машиналарын өндірісте қолдануды тездету үшін жаңа машиналарға заказ берудің және оларды сынаудың кезіргі тәртібін қайта қарауға міндеттелсін.

75 ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Машина жасау өнеркәсін министрлігі, Транспорт және ауыр машина жасау өнеркәсін министрлігі 1954 жылдан бастап ауыл шаруашылығы үшін тракторлардың, ауылшаруашылық машиналары мен автомобильдердің запас бөлшектерін олар жөніндегі тілекті қамтамасыз ету үшін керекті мөлшерде, детальдардың бүкіл номенклатурасы бойынша бекітілген нормаларға толық сәйкес, тұтынушыларда және өткізу конторларында белгіленген көшпелі қалдықтардың қамтамасыз етілуін есепке ала отырып, өндіруді және тапсыруды көздеуге міндеттелсін.

Машина жасау өнеркәсін министрлігі мен Транспорт және ауыр машина жасау өнеркәсін министрлігі ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетімен бірге бір ай мерзімнің ішінде ССРО Министрлер Советіне запас бөлшектердің сапасын арттыру және тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарына керекті запас бөлшектерді босату бағасын арзандату туралы ұсыныстар тапсыратын болсын.

76. МТС-терді тұрақты механизатор кадрларымен қамтамасыз ету, МТС-терді басшы және инженер-техник кадрлармен ни-[illegible]

Бейбітшілік үні

Әлемнің бейбіт сүйгіш халықтары,
Дүниені айбынды үнмен сілкіндіріп,
Бәрінің бір ғана сөз ұрандары
Ол ұран, ол айбынды үн —
Бейбітшілік!

Дейді олар: ешуақытта бұзылмасын,
Өмірдің гүл жайнаған сұлу көркі.
Әр елдің өз тағдырын, правосын,
Өзінше шешіп алардай болсын еркі.

Дейді олар: сан қалалар, құрылыстар,
Көрмесін зор апатты соғыс өртін.
Қалмасын үйсіз- күйсіз ата -аналар,
Хауіпсіз жас балалар өссін еркін.

Дейді олар: бар халықтың ақ ниетті,
Арманы, тілек- ойы мақсат еткен —
Шешілсін бейбіт жолмен әділетті,
Бірлікпен, ынтымақпен, шын достықпен.

Әлемнің бейбіт сүйгіш күштерінің,
Өзінің күресінде сүйенері —
Боп отыр жеңілмейтін Ұлы Отаным—
Бастаған Компартия Совет елі.

Р. УӘЛИЕВ.

Жұмысшылар поликлиникасында

Василий Никитович Редькин 1951 жылы Омск қаласындағы медицина институтын бітіргеннен кейін Петропавлдағы өнеркәсін орындарын қамтыйтын қалалық поликлиникаға меңгерушы болып тағайындалды. Ол уақытта бұл поликлиника жұмысшылар поликлиникасы деп аталатын. Поликлиниканың жұмысы да, қамтыйтын ауданы да шағын болатын. Оның ашпаратында небары 23 қызметкер жұмыс істеуші еді.

Міне, содан бері үш жылға жуық уақыт өтті. Осы мерзім ішінде поликлиника өмірінде талай өзгеріс, жаңалықтар болды. Поликлиника кезір қаланың екіден бір бөлегінің тұрғын адамдарын түгел қамтып отыратын болды. Оның кабинеттерінде кезір ауруларды емдеу үшін керекті аспап, дәрі-дәрмектердің бәрі де жеткілікті. Жоғары дәрежелі білімі бар маман кадрлармен үнемі толықтырылу арқасында дәрігерлер саны жыл сайын көбейіп келеді. Сөйтіп, поликлиникада кезір 80-нен аса дәрігер жұмыс істейді. Мұнда «сұрақтар мен жауаптар» тақтасы ұйымдастырылған. Аурулардың берген сұрақтары және оған қайтарған жауаптар осы тақтаға жазылып отырады. Жуықта «туберкулез және оны емдеу», «туберкулез ауруын емдеуде советтік медицина ғылымы қандай жетістікке жетіп отыр?»—деген сұрақтарға қанағаттанарлық жауап жазылды. Оларда кезіргі уақытта туберкулез ауруын емдеу жөнінде советтік медицина ғылымының зор табысқа жетіп отырғандығы, соның арқасында туберкулез ауруының барлық түрін де емдеп жазуға қол жеткендігі айтылды.

Әрбір дәрігердің өзіндік күнделік дәптері бар. Оған бір күнде өзінің қандай жұмыстар істегенін жазып отырады.

Бұл поликлиника көбіне кәсіпорындарының жұмысшыларын қамтыйтын болғандықтан мұнда ауруларды қарауда жаңадан цехтық әдіс қолданылып жүр. Бұл [illegible]

нистрлігіне, 1954 жылдан бастап, тракторларды, комбайндарды, двигательдерді, жер қазатын және ауылшаруашылық машиналарын жөндеу, техникалық жағынан күту шығындарының көлемін жұмсақ жермен алғандағы жұмыстардың бір гектары үшін есептелетін нормалары бойынша және машиналардың жөндеуаралық жұмыс мерзімдері бойынша есептеу міндеттелсін.

52. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен ССРО Совхоздар министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) ССР Одағы бойынша орташа жөндеуаралық мерзімдердің шеңберінде, республикалар, өлкелер мен облыстар бойынша машина-трактор станцияларындағы, арнаулы станциялардағы және совхоздардағы тракторлар мен комбайндардың дифференциялы жөндеуаралық жұмыс мерзімдері бекітілсін;

дайындау министрлігі мен ССРО Финанс министрлігіне тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің және пайдаланудың Мемлекеттік одақтық ғылми-зерттеу технологиялық институтының ұйымдық құрылымы мен штатын 215 адам мөлшерінде, бір ай мерзім ішінде бекіту міндеттелсін.

ССРО Халық Комиссарлары Советінің 1946 жылғы 6 мартағы № 514 Қаулысы бойынша ғылми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлері үшін белгіленген жалақы мөлшері жоғарыда көрсетілген институттың ғылми дәрежесі немесе атағы бар мамандарына қолданылатын болсын. Институттың басқа мамандары үшін ССРО Министрлер Советінің 1950 жылғы 31 августағы № 3757 Қаулысы бойынша бірінші топтағы жетекші жобалау ұйымдарының қызметкерлеріне тағайындалған жалақы мөлшері белгіленсін.

VI.

Колхоздарға агрономиялық және зоотехниялық көмекті күшейту туралы

56. Қоғамдық шаруашылықты өркендетуде колхоздарға көмекті күшейту мақсатымен машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларға колхоздарды агрономиялық, зоотехниялық және малдәрігерлік жағынан қамту міндеттері жүктелсін, бұл үшін:

а) МТС-тердің штаттарында участоктік агрономдар мен зоотехниктердің орнына колхоздарда тұрақты жұмыс істейтін агрономдар мен зоотехниктер болатын болсын, сейтіп әрбір колхозды ауыл шаруашылығының бір-екі маманы үнемі қамтыйтын болсын. Жеке, негұрлым ірі колхоздарды қамту үшін МТС-тердің штаттарында бригада мен фермаға бір-бірдей маман ұсталатын болсын;

б) агрономиялық, зоотехниялық және малдәрігерлік қызметкерлер, белгіленген тәртіп бойынша, аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармаларының машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларға ауыстырылсын;

в) ССРО Азық-түлік тауарлар өнеркәсіп министрлігінің қант, консерв заводтары мен басқа кәсіпорындарындағы колхоздарды қамтыйтын агрономдардың лауазымы жойылып, бұл мамандар колхоздарда жұмыс істеу үшін белгіленген тәртіп бойынша МТС-терге жіберілсін;

г) аудандық тұқым шаруашылықтары мен шөп жөніндегі арнаулы тұқым шаруашылықтарының агрономдары белгіленген тәртіп бойынша МТС-тердің штаттарына ауыстырылсын, оларға тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмыстармен қатар, колхоздарды агрономиялық жағынан қамту жөніндегі басқа жұмыстарды орындау міндеті жүктелсін;

д) аудандық бақылау-тұқым лабораториялары жабдықтарымен қоса МТС-терге берілсін, сонымен қатар осы лабораториялардың мамандары белгіленген тәртіп бойынша МТС-терге ауыстырылсын;

е) зоотехникалық-малдәрігерлік участоктер мен зоотехникалық пункттердің зоотехниктері МТС-тердің штаттарына енгізілуіне байланысты зоотехникалық-малдәрігерлік участоктер мен зоотехникалық пункттер малдәрігерлік участоктер мен малдәрігерлік пункттер болып қайта ұйым

дастырылып, олар МТС-терге бағындырылсын.

МТС-тердің жұмыс аймағындағы малдәрігерлік участоктер меңгерушілерінің — мал дәрігерлерінің бірі МТС-тің аға мал дәрігері деп есептелетін болсын.

Орталық зоотехникалық- малдәрігерлік участоктер негізінде аудандық малдәрігерлік емханалар ұйымдастырылып, бұларды қаржыландыру аудандық бюджет қаржысының есебінен жүргізілетін болсын. Аудандық малдәрігерлік емханаңың меңгерушісі сонымен бірге ауданның бас мал дәрігері деп есептелетін болсын.

57. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттеріне және облыстық атқару комитеттеріне ауылшаруашылық министрліктері мен олардың жергілікті органдарын қайта ұйымдастыру, машина-трактор станцияларындағы участоктік агрономдар жүйесі мен аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармаларының участоктік зоотехниктері мен агрономдары жүйесін ажырату, агрономиялық және зоотехниялық қызметкерлерді аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармаларынан МТС-терге ауыстыру, басқа мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін мамандар санын азайту нәтижесінде босайтын жоғары және орта білімдері бар агрономдар мен зоотехниктердің есебінен, сонымен қатар ауылшаруашылық жоғары оқу орындары мен техникумдарды бітіретін жас мамандардың есебінен колхоздарды қамту үшін 1954 жылдың көктеміне дейін МТС-терге 100 мың агрономдар мен зоотехниктер жіберу міндеттелсін.

58. Колхоздарда жұмыс істеуге жіберілетін МТС-тердің агрономдары мен зоотехниктеріне машина-трактор станциясының колхозбен жасасқан шартында көзделген агрономиялық және зоотехниялық шаралады орындау, колхоздардың ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігі жөніндегі жоспарын орындау және колхоз өндірісінде еңбекті дұрыс ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін.

Ауыл шаруашылығын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету туралы

68. Машина- трактор станциялары мен совхоздарды жаңа тракторлармен онан әрі жабдықтау және ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларын механикаландыруды ұлғайту мақсатымен, ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті, Машина жасау министрлігіне, Транспорттық және ауыр машиналар жасау министрлігіне, Қорғаныс өнеркәсіп министрлігіне және Авиация өнеркәсіп министрлігіне халық шаруашылық жоспарларында 1954 жылдан 1957 жылғы 1 майға дейінгі дәуірде ауыл шаруашылығына жалпы жұмысқа пайдаланылатын 15 аттың күші бар кемінде 500 мың трактор және 250 мың отамалы трактор жетекізін беруді қарастыру міндеттелсін.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, Машина жасау өнеркәсіп министрлігі екі ай мерзімнің ішінде ССРО Министрлер Советіне машиналар, механизмдер мен құрал- жабдықтар өндіріп ауыл шаруашылығына тапсырудың жоспары туралы ұсыныстар тапсыратын болсын, МТС-тер мен совхоздар 1954 — 1955 жылдардың ішінде дәнді және майлы дақылдарды өсіру, сабан мен топанды жыйнау және маялау, қырман басындағы жұмыстарды механикаландыру, астық кептіру, шөп шабу, пішенді сүйреткімен сығырып жыйнау, шөмелелеу және маялау, қант қызылшасын, шашақты зығырды, конопля мен мақтаны өсіру жөніндегі жұмыстар комплексін жүргізу үшін, транспорт және тиеу-түсіру жұмыстарын атқару, ауылшаруашылық өндірісіндегі басқа да жұмыстарды механикаландыру үшін тіркеу, аспа және өздігінен жүретін машиналардың керекті мөлшерінің жыйынтығымен қамтамасыз ету еске алынсын.

69. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1954 жылға арналған халық шаруашылығы жоспарында мынаны көздеуге міндеттелсін:

а) ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне барлық мұқтаждарына 50 мың жүк автомашиналарын, самосвалдар мен шассилер, 12 мың ГАЗ-69 жеңіл автомобильдер, (соның ішінде ССРО Совхоздар министрлігі үшін 1500 автомобиль), 4000 күймелі мотоцикл, 4600 металл кесетін станок, 175 гидравлика престері, 5000 электромотор, металды электр күшімен пісіретін 1000 агрегат және 15.000 оттегі баллондары, сол сыяқты МТС мастерскойлары мен жөндеу кәсіпорындарын жабдықтау үшін басқа да құрал- жабдық берілуі көзделсін;

б) Орталық тұтынушылар одағына колхоздарға сату үшін 60 мың жүк автомобилі берілуі көзделсін.

70. Құрылыс министрлігі, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі 1954 және 1955 жылдарда машина-трактор станциялары мен совхоздар үшін сыйымдылығы 50, 25 және 10 текшеметрлік тұрақты резервуарлар, сыйымдылығы 3 және 5 текшеметрлік цистерналар, сыйымдылығы 200 литрліктен темір бочкалар жасап шығаруға міндеттелсін, бұлардың мөлшері мынадай болсын:

	Барлығы	Соның ішінде: 1954 ж.	1955 ж.
Құрылыс министрлігі			
Тұрақты резервуарлар (мың текшеметр)	1510	600	910
ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі			
Тұрақты резервуарлар (мың текшеметр)	465	235	230
Цистерналар (мың текшеметр)	192	97	95
Темір бочкалар (мың дана)	410	210	200
ССРО Совхоздар министрлігі			
Тұрақты резервуарлар (мың текшеметр)	35	15	20
Цистерналар (мың текшеметр)	8	3	5
Темір бочкалар (мың дана)	90	40	50

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі бір ай мерзімнің ішінде ССРО Министрлер Советіне 1954 және 1955 жылдары жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындарында машина-трактор станциялары мен совхоздар үшін тұрақты резервуарлар, цистерналар, темір бочкалар мен темір бидондар жасап шығару туралы ұсыныс тапсыратын болсын.

71. 1954—1955 жылдарға арнап ауыл шаруашылығына құрал-жабдық және май күю құралдарын жеткізу жоспары мына мөлшерде белгіленсін:

	Барлығы (мың дана)	Соның ішінде: 1954 ж.	1955 ж.
ЗИС—150 шассиіне орнатылған автоцистерналар	5	3	2
ГАЗ—51 шассиіне орнатылған автозаправщиктер	15	5	10
Насостармен және шлангтермен заправка жеңіл арбалары	60	30	30
Шлангті кол насостары	48	24	24

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1954—1955 жылдарға арналған өндіріс жоспарларында жоғарыда көрсетілген мөлшердегі заправка құралдарының одақтық және жергілікті өнеркәсіптің кәсіпорындарында өндірілуін көздейтін болсын.

72. Мұнай өнеркәсіп министрлігі:

а) Мемлекеттік Жалпы Одақтық стандарттар мен техникалық шарттардың талаптарына толық сәйкес түрлері мен сорттар бойынша жағармай мен жанармайды Главнефтесбыттың барлық мұнай базаларына тасып жеткізуді және ауыл шаруашылығына босатуды қамтамасыз етуге міндеттелсін;

б) Главнефтесбыттың базалары машина-трактор станциялары мен совхоздарға

тарту жұмыстарын ұйымдастыру және МТС-терде құрылыс ұйымдастыру және машина- трактор паркін пайдалануды жақсарту жөніндегі шаралар бекітілсін.

77. Машина- трактор станцияларының үлгі штаттары бекітілсін.

78. МТС-тердің колхоздармен өндірістік өзара қатынастары мұнан былай да олардың арасында жасалған договорлармен белгіленетін болсын. Машина -трактор станциясының колхозбен жасасқан договорының заң күші бар және оны орындау МТС үшін де, колхоздар үшін де міндетті.

Жергілікті совет және партия органдары машина-трактор станциялары мен колхоздардың договорларда көзделген міндеттемелерді орындауын үздіксіз бақылауды қамтамасыз етуге міндеттелсін.

79. 1954 жылдан бастап, МТС атқаратын жұмыстар үшін заттай ақыны нақты ставкалар бойынша есептеуге көшу қолайлы деп саналсын.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі МТС жұмысы үшін олардың колхоздарда атқарған жұмыстарының түрлері бойынша заттай ақы төлеудің аймақтар бойынша сараланған нақты ставкаларын қолдану, мол өнім алғандық үшін ынталандырғыш сыйлық ақы төлеу, сол сыяқты, заттай ақы төлеу есебіне ауылшаруашылық дақылдарын есептеу және тапсыру тәртібі туралы екі ай мерзім ішінде ұсыныстар белгілеп ССРО Министрлер Советіне тапсыруға міндеттелсін.

80. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мыналарды істеуге міндеттелсін:

а) машина- трактор станцияларының колхоздарды қамтуын ұйымдастырудағы өзгерістерді есепке ала отырып, МТС-тің колхоздармен жасасатын жаңа үлгі договорының жобасын жасап, бір ай мерзімнің ішінде ССРО Министрлер Советінің бекітуіне тапсыратын болсын;

б) бір ай мерзімнің ішінде ССРО Министрлер Советіне ССРО Үкметінің осы Қаулы басылып шығуына байланысты күшін жоғалтқан Қаулылары мен бұйрықтарының тізімі тапсырылсын.

* * *

Машина- трактор станцияларының жұмысын жақсартуға үлкен маңыз бере отырып, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігін, республикалардың Министрлер Советтерін, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттерін, одақтас республика компартияларының Орталық Комитеттерін, СОКП облыстық комитеттері мен өлкелік комитеттерін МТС-терге басшылықты жақсартуға, колхоз өндірісінің барлық салаларындағы жұмыстарды механикаландыру жөнінде МТС-тердің жұмысын кеңейтуді қамтамасыз етуді, ауыл шаруашылығындағы басты міндетті — барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын едәуір арттыру, қоғамдық малдың санын онан әрі көбейту, сонымен қабат оның өнімділігін едәуір арттыру, егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін молайту міндетін ойдағыдай орындау үшін машина- трактор станцияларының жауаптылығын көтеруге міндеттейді,

ның цехтарына бекітілген. Ол цехтың адамдары екінші бір бөлек дәрігердің жарауына берілмей, үнемі бір ғана дәрігердің қарауында, бақылауында болады.

Поликлиникада диспансеризация (ауруларды түрлі түрінде қарай болу) әдісі қолданылады. Ауулардың әр қайсысына жасалған жалпы карточкалары болуға тиіс. Ал, диспансеризациялық әдіс бойынша ауурдың түр-түріне қарай тағы да қосымша карточкалар жасалып, олар бөлек сақталады. Бұл, ауруларды тіркеуші мен дәрігерлердің жұмыс істеуіне көп жеңілдік келтіреді.

Поликлиникада, әсресе, Отан соғысының мүгедектеріне жете көңіл бөлінеді. Отан соғысының мүгедектері диспансерлік байқауға алынған, оларға уақытымен тиісті дәрігерлік көмек көрсетіліп тұрады. Сонымен бірге, олардың қажетті уақытта демалысқа шығып, түрлі курортқа және демалыс үйлеріне барып дем алулары үшін үнемі көмек көрсетіледі.

Поликлиника қаланың өнеркәсіп орындарын қамтуға арналғанмен оның жұмыс көлемі одан әлде қайда зор. Мұнда ауулардың үйіне барып, дәрігерлік көмек көрсету ісі жолға қойылған.

Дәрігерлердің және медициналық сестралардың білім дәрежесін толықтырып отыру жақсы жолға қойылған. Орта дәрежелі дәрігер-сестралардың бәрі де өздерінің мамандықтарын меңгеру мектебін аяқтады. Поликлиникада «Шағымдар мен ұсыныстар» дәптері бар. Онда қаралушылар өздерінің ұсыныстарын жазып тұрады. Емделуде болған бір адам былай деп жазады: «Мен, Мостовщикова, № 6 дистанцияның жұмысшысы осы поликлиникада Ғұбайдуллина жолдастың емделуінде болдым. Жақсы қарап, көрсеткен көмегі үшін Ғұбайдуллина жолдаска алғыс айтамын».

Егер, дәптердің бетін ашып қарай берсек, бұл сыяқты алғыстарды көптеп кездестіруге болады.

Поликлиниканың атқаратын жұмыс көлемі барған сайын кеңеюде. 50 адамдық аурухана үйі салынып бітіп, оның ішін жабдықтау аяқталып келеді. Онда ауурларды емдейтін лабораториялар жұмыс істейтін болады. Сонымен бірге, рентген кабинеті пайдалануға беріледі.

Жұмысшылар поликлиникасы, осылай, өз жұмысын еңбекшілер муддесіне сай ұйымдастыруда.

Е. МЫРЗАХМЕТОВ.

КОМБАЙНДАРДЫ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

Быйыл Қызыл әскер ісыл тұқымды қой совхозының комбайншылары өзара социалистік жарысты өрістете отырып, егін жыйнауды өткен жылғыдан анағұрлым ерте аяқтады. Олардың көпшілігі комбайндардың қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз етті және маусымдық тапсырмаларын асыра орындады.

Кәзір совхоз комбайндарды жөндеу жұмыстарына кірісті. Бірінші кезекте комбайншы Н. Кузнецов, М. Федорова жолдастар өздері жұмыс істейтін комбайндарды жөндеуге қойды.

Сол сыяқты, мұнда тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу жұмыстары да алғашқы күндерден бастап қызу жүргізілуде.

Р. АСҚАРОВ.

Партия оқуы жүйелерінде оқу басталды

☆ ☆ ☆

Әзірліксіз басталған сабақ

ҚКП Петропавл аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Т. Скобелкин жолдастың жұмыс кабинетінде телефон шылдырлай берді.

— Алло, бұл кім? Я, сәлеметсіз ба? Халдарыңыз қалай? Партия оқуы жүйесіндегі сабақтың 1 октябрьде басталатынын естідіңіз гой. Алғашқы сабақта «Совет Одағы Коммунистік партиясының 50 жылдығы» деген тақырыпты өтуге тиіссіздер. Материал жетіспесе, аудандық партия комитетінен келіп алуларыңызға болады. Сабаққа барлық коммунистердің қатысуын қамтамасыз етіп, оны ұйымшылдықпен өткізу жағын қатты ескерерсіз. Мүмкін, бізден де бірер қызметкер барып қалар, —деп Скобелкин жолдас МТС, колхоз бастауыш партия ұйымының секретарьларына асығыс түрде нұсқаулар беріп жатты. Бұл 30 сентябрьде кешкі сағат 5 кезінде болған жағдай.

Ал, аудан орталығындағы кешкі партия мектебінің дәл сол күнгі сабағы қалай басталды? Мектептің жаңа оқу жылына әзірлігі қандай еді? Мұнда алғашқы сабақ ұйымшылдықпен өтті ме? Әңгіме осы туралы болады.

Алғашқы сабақ жылдағы әдет бойынша кешкі сағат 6-да аудандық партия комитетінің кітапханасында өтуге тиіс еді. Қызмет уақыты біткен соң аудан мекемелерінің қызметкерлері бірен- саран кітапханаға жыйнала бастады. Бұл кезде Скобелкин жолдас өзінің жұмыс кабинетінде СОКП-ның елу жылдығы туралы журналға басылған материалдың әр жеріне көз жүгіртіп, қарап шықты. Анда-санда аудандық партия комитеті кітапханасының меңгерушісі З. Губаева жолдастан адамдар толық жыйналды ма, —деп жалт қарап, сұрап қояды.

— Жаңа оқу жылына әзірліктеріңіз қалай? Сабақ расписаниесі бар ма,—деген сұраққа, Скобелкин жолдас:

— Жылдағы әдет бойынша, оқу жылы 15 октябрьде басталар деп ойлап, қапы қалып отырмыз. Істің бәрі асығыстау болды. Мұғалімдерге де толық хабарлап үлгере алмай жатырмыз. Сабақ расписаниесі келесі сабаққа дейін даяр болар деген үмітіміз бар. Алғашқы сабақта, көбінесе, ұйымдастыру жұмысына көңіл бөлінеді гой. Оны бірер лекция оқу арқылы ыңғайлап өткіземіз,— деп жауап берді.

Скобелкин жолдастың сабақтың басталу күнін аудандық партия комитеті кешігіп білді деуі шындыққа сәйкес келе ме? Жоқ, келмейді. Неге? Өйткені, партия оқуы жүйесіндегі сабақтың 1 октябрьде басталатыны аудандық комитетке көптен мәлім.

Өткен жылы аудандық партия мектебін 24 адам бітірген болатын. Биыл оқу жылында да партия мектебіне 24 адам қатысуға тиіс еді. Бірақ, алғашқы сабаққа тек 14 адам ғана қатысты және олардың бірқатары сабаққа кешігіп келді. Сөйтіп, ҚКП Петропавл аудандық комитетінің жанындағы кешкі партия мектебіндегі сабақ ұйымшылдықпен басталмады.

Аудандық партия комитеті 9 сентябрь күні болған өзінің бюро мәжілісінде партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына әзірлік жөнінде ҚКП аудандық комитетінің секретары Ғозин жолдастың хабарын тыңдап, насихатшылардың құрамын бекіткен еді.

Күні осы уақытқа дейін мектепте географиядан сабақ беретін мұғалім жоқ. Аудандық комитет географиядан сабақ беруге Тәм жолдасты міндеттеген болатын. Ол Архангелка селосында тұрады.

— Аудандық партия комитетінің жалғыз аты бар. Оны оған беріп қойып, өзіміз жаяу отыра алмаймыз, —дейді Скобелкин жолдас.

Неге екені белгісіз, бірінші сабаққа ҚКП аудандық комитетінің секретарьлары Кабдунасов, Щербинина жолдастардың бірде- бірі келмеді.

Партия ұйымдарының партиялық насихат саласындағы басты міндеті мынада: партия оқуының сапасын едәуір арттыру керек, сөйтіп, коммунистердің саяси білім алуға, марксшік-лениндік теорияның негіздерін үйренуге құштарланған ынтасын бұрынғыдан анағұрлым күшейту керек.

Бұл міндеттерді аброймен орындау үшін, коммунистердің марксизм- ленинизм негіздерін терең үйреніп, меңгеруіне жетісу ісі —аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдарынан көп жұмыстар істеуді талап етеді. Алайда, Петропавл ауданының бірқатар партия ұйымдары коммунистерге марксшік-лениндік тәрбие беру жөнінде партия қойып отырған міндеттерге сай жұмыс істей алмай келеді.

Қандай ғана болсын шаруашылық жұмыстарының табысты болуы коммунистердің саяси жағынан әзірлігіне, ленинизм негіздерін меңгеруіне байланысты. Міне, сондықтан да, партиялық насихатқа жергілікті партия ұйымдары күнбе-күн басшылық жасап, ұйымдарға және олардың жетекшілеріне қатаң талаптар қойып отыруға міндетті. Сол уақытта ғана коммунистердің сабаққа толық қамтылуына, олардың оқып жүрген ұйымдары мен жетекшілерінің программалық материалды ойдағыдай меңгеруіне жетісуге болады.

ҚКП Петропавл аудандық комитетінің басшылары партия оқуы жүйесіндегі кемшіліктерді батыл жойып, партия оқуы сабақтарының идеялық жоғары дәрежеде жүргізілуіне жетісуге тиіс.

М. НҰРПЕЙІСОВ.

Завод партия ұйымында

Приишім ауданының партия ұйымдары коммунистердің идеялық- саяси білімін көтеруді ерте бастан ескеріп, оған күнілгері әзірлік жұмыстарын жүргізді. Бірақ

Идеялық-саяси білімімді арттыра беремін

Петропавл ет- консерві комбинатында жұмыс істегеніме 2 жылдан астам уақыт болды. Мен тәжрибелері мол жұмысшылардың жұмыс әдісін үйрене отырып, күнделік, айлық жұмыс тапсырмаларымды үнемі артығымен орындауға жетісіп келемін. Біздің елімізде үлгілі еңбек етумен бірге, оқуға, саяси-идеялық білімімізді күн бе-күн көтеруге қамқорлық жасалуда.

Партияның XIX съезі партия ұйымдарының партия мүшелерінің және партия мүшелігіне кандидаттардың арасында олардың идеялық дәрежесін арттыру жөнінде үзіксіз жұмыс жүргізулері, оларды марксизм-ленинизмге үйретіп отырулары, оларды саяси даярлығы бар, саналы коммунистер етіп қалыптастырып отырулары керек екендігі жөнінде атап көрсетті. Сондықтан да мен быйыл екінші жыл комбинат партия ұйымы жанындағы партия тарихының қысқаша курсын үйренетін негізгі типті ұйымда оқыймын. Өткен жылы біздің ұйымда партия тарихының алғашқы төрт тарауы бойынша және партияның XIX съезінің қарарлары жөнінде сабақтар өтті.

Өткен жылғы оқудың қорытындысы ұйым мүшелерінің саяси білімдерін көтеруге көп еңбек сіңіргендіктерін көрсетті. Қорытынды сабақтарда тыңдаушылар түгелінен өткен материалдар бойынша қанағаттанарлық жауап берді. Мен өзім өткен оқу жылын ойдағыдай аяқтап шықтым.

Жаңа оқу жылында ұйым сабағына үзбей қатысып, өзімнің саяси білімімді үздіксіз көтере беремін. Бұл—әрбір коммунистің абройлы міндеті болып табылады.

Ә. НҰРСЕЙІТОВ,

Петропавл ет- консерві комбинаты партия ұйымының жанындағы негізгі типті ұйырменің тыңдаушысы.

ЗОР БЕЛСЕНДІЛІК

Кешкі сағат 6. Завод гудогінен кейін жұмысшылар жұмыс орнын жыйыстыра бастады. Цехтарда жұмысшылардың жылдамдата сөйлескен даусыстары естіледі. Сіздерде насихатшы кім? Шерпачева. Ал, өздеріңізде кім? Бізде Чистов. Бірінші сабақ қай тақырыпта болады екен? Совет Одағы Коммунистік партиясының елу жылдығы туралы.

Жұмысшылардың барлығы завод клубына жыйналды. Насихатшы Ховрин жолдас алдымен тыңдаушыларды СОКП тарихын үйренетін негізгі типті ұйрменің оқу программасымен таныстырып өтті. Содан кейін салмақты даусыпен СОКП-ның елу жылдығы туралы баяндай бастады. Онда насихатшы РСДЖП-ның екінші съезіне, партияның программасы мен Уставы жөніндегі таластарға тоқталды. Коммунистік партияның советтік қоғамның бағыт беруші, бастаушы күші екенін айтты. Бұдан кейін Ховрин жолдас тыңдаушылардың

ДӘРІГЕРЛІК КЕНЕС

Бруцеллез ауруы және одан сақтану жолдары

Бруцеллез — өте ауыр аурулардың бірі. Онымен ауырған адамдардың ең алғашқыда температурасы көтеріле бастайды, бастары ауырып, аяқ, қол және белдеме сүйектері сырқырайды. Адам, әсресе, түнде қатты терлейтін болады, денесі дел-сал болып, жылдам шаршайды. Ал, кей уақыттарда бұл жағдайлар аз уақыттың ішінде басылып кетеді де, біраз уақыттардан соң қайта басталады.

Бруцеллез ауруы адамдарға, көбіне үй жануарларынан жұғады. Тәжрибе, әсресе, қой және ешкі малдарынан жұққан бруцеллез ауруының өте ауыр болатындығын көрсетіп отыр. Қарамалдан да бруцеллез ауруының жұғуы мүмкін, бірақ, одан жұққан ауру жеңілдеу болады.

Адамдар бруцеллез ауруын көбіне бруцеллезбен ауырған малдардың сүтін қайнатпай ішуден, я болмаса, шикі сүттен жасалған тағамдарды жеу арқылы жұқтырады. Сол сыяқты, бруцеллезбен ауырған малдарды күтушілер бруцелл микробын (бруцеллез ауруының құртын) тері арқылы организмге сіңдіруден де бруцеллез ауруын жұқтырады. Бұл жағдай тері ешқандай зыянданбаған уақыттарда да кездесуі мүмкін.

Бруцеллез ауруы адам организміне бруцелл микробының еніп кетуінен пайда болады. Ол микробтар бруцеллезбен ауырған малдардың бәрінде, олардың ашыған сүттерінде де кездеседі, әсресе, мал іш тастағанда микробтар өте көп болады. Мұндай жағдайда ол микробтар жерге, шөпке, малдың астына төселген төсенішке, суға түсіп, сол арқылы сау малдар мен адамдарға жұғады. Бруцелл микробы төзімді келеді, сондықтан да бруцеллезбен ауырған малдардың нәжістері үйілген жер адамдар үшін хауіпті болып табылады.

Совет оқымыстылары бруцеллез ауруынан сақтану жолдарының бірнеше түрлерін тапты. Бұл аурудан алдын-ала сақтану үшін еңалдымен бруцеллезбен ауырған малдардың сүтін қайнатпай ішуге болмайды, ол сүтті ең кем дегенде 70 градустық ыстықта 30 минуттай жылыту керек, я болмаса, қатты қайнату қажет. Бұл жағдайда сүттегі бруцелл микробының тірі қалуы мүмкін емес. Сол сыяқты, бруцеллезбен ауырған малдар сүтінен брынза, айран, құрт, май теккана ол сүт қайнатылғаннан кейін жасалуы тиіс. Егер брынза қайнатылмаған сүттен жасалған болса, онда оны тамаққа тек екі айдан соң ғана пайдалану қажет. Өйткені, бұл уақыт ішінде ондағы бруцелл микробтары өліп бітеді.

Бруцеллезбен ауырған малдарды күтушілер бруцеллез микробының қолға, киімге жұқпау жағын қарастыруы қажет. Ол үшін олар арнаулы киімдер киюі керек. Ол арнаулы киімдерді киіп ауру малдар бағылып жатқан учаскалардың төңірегінен тысқары жерге шығуға, сол сыяқты, ол киммен адамдар отыратын үйге кіруге болмайды және өзінің үйде, жұмыстан бос уақыттарда киетін киімдерін арнаулы киімдермен араластыру дұрыс емес.

Арнаулы киімдер мынадай болуы керек: қалың матадан тігілген халат, фартук, басқа киетін шлем немесе орамал, резинка етік және брезенттен тігілген қолғап. Бұл киімдерді жұмасына бір рет залалсыздандырып, яғни, дезинфекциялап отыру қажет. Ол үшін халат пен орамалды еңалдымен бір проценттік сабын ертіндісіне малып алу керек. Бұдан соң оны жарты сағат бойы суға қайнату қажет. Осыдан кейін ғана ол киімдерді жууға болады. Дезинфекция жұмысын малдардың төлдеуі және іш тастауы кезінде жиі-жиі жүргізіп отырған жөн. Ал, резинка етіктерді, қолғапты, фартуктерді сүрту үшін екі немесе үш проценттік фенолды сабын немесе креолин ертіндісін пайдалану қажет.

Жұмысқа кіріспес бұрын, егер қолда жараланған я болмаса кесілген жара болса, оған иод жағып, таңып тастау керек.

Төлдеген және іш тастаған малдарға көмек көрсеткенде өте сақ болу қажет. Қолғапсыз қолмен жаңа туған төлді я болмаса ауру малдың зәріне былғанған заттарды ұстауға болмайды.

Бруцеллез ауруын емдеу соңғы уақытқа дейін өте қыйын, проблемалы мәселелердің бірі болып келді. Дегенмен, совет дәрігері Уваров жасап шығарған емдеу сывороткаларын басқа дәрілермен қоса пайдалану жақсы нәтиже беріп келеді.

Кәзіргі кезде бруцеллез ауруына қарсы денеге дәрі егу әдісі қолданылып жүр. Мұндай егулер дене организмінің бруцеллезге қарсы күресуіне көмектеседі, аурудың дамуына жол бермейді. Бұл дәріні, әсресе, бруцеллезбен ауырған малдарды күтуші, ет комбинатының, мал сою пунктерінің және брынза қайнататын жерде істейтін адамдарға егу өте қажет.

Бұдан денесіне бруцеллезге қарсы дәрі ектірген адамдар бруцеллез ауруы жұғудан хауіпсіз деген қорытынды тумайды. Олардың дәрі еккеннен кейін де аурудан сақтануы —өте қажет нәрсе. Өйткені, дәрі ектіруге қарамастан кейбір адамдардың организмдері ауруға қарсы нашар күреседі. Міне, бруцеллез ауруынан сақтанудың барлық шараларын іске асырғанда бруцеллез ауруының жұғуынан хауіпсіз болуға болады.

Г. ВАЛИУЛЛИН,

Облыстық санитарлық- эпидемиялық станцияның бас дәрігері.

Француз еңбекшілері жазалау саясатына қарсы наразылық білдіруде

ПАРИЖ, 2 октябрь, (СОТА). Француз баспасөзінің хабарлары ешкет орындары мен кәсіпорындары әскімшілік басшыларының август ереуілдеріне қатысқандарға қарсы жазалау саясатын жүргізіп отырғандығын дәлелдейді. Ереуілге қатысқаны үшін немесе арнаулы жібергіген шақырту бойынша жұмысқа келудет бастартқаны үшін жұмыстыларды жұмыстан шығару жиіленіп кетті. Сол сыяқты, әкімшілік басшылары ереуілге қатысқан күндері үшін жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысынан ұстап қалуда.

Бұл жазалау шаралары француз еңбекшілерінің ыза- кегін тудыруда. «Юманите» газетінің хабарлағанындай, кәзіргі уақытта почта, телеграф және телефон қызметшілерінің жыйналыстары өткізіліп, оларда әкімшілік басшыларының жазалау шараларына қарсы күрес тәсілдері талқылануда. Комитеттер жұмысты уақытша тоқтату туралы және наразылық митингтерін өткізу туралы қарарлар қабылдауда.

Кеше төрт теміржолшы жөнінде қолданылған жазалауға қарсы наразылық білдіру ретінде, жалпай еңбек конфедерациясының құрамына кіретін теміржолшылардың Ұлттық федерациясының шақыруы бойынша, Франциянің Оңтүстік -Шығыс темір жолы бойында 24 сағаттық ереуіл басталған. «Форс увриер» және ФКХТ кәсіподақтар ұйымдарының оңшыл бөлімшелері бұл шақыруды қолдамағандығына қарамастан, алғашқы хабарлар ереуілдің табысты болғандығын сипаттайды. Франс Пресс агенттігі темір жол қатынасының бірнеше жерде бұзылғандығын хабарлады.

«Юманите» газетінің хабарына қарағанда, Париждегі «Жеваарт» химия кәсіпорындарының жұмысшылары 44 жұмысшыны жұмыстан шығарған әкімшілік басшыларының қарарына қарсы наразылық білдіру ретінде завод ұйін қолдарына алған.

Ирандағы жағдай жайында

ПАРИЖ, 2 октября. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісі Тегераннан 1 октябрьде кешке және 2 октябрь күні таңертең Тегеранда Туде партиясының 150 мүшесі тұтқынға алынды, онан басқа 100 адам 1 октябрьде Хорремабадқа (Хузистан провинциясы) жер аударылды деп хабарлайды.

Жер аударылғандардың ішінде бейбітшілікті жақтаушылардың Иран қоғамы басшы комитетінің мүшесі Махмуд Хормоз және апталық «Жаджи-баба» сықақ журналының редакторы Парвиз Хатиби бар.

Тегераннның оңтүстігінде 2 октябрьде полиция мен листовкалар таратушылардың арасында соқтығыс болған.

ПАРИЖ, 2 октябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Тегераннан 1 октябрь күні кешке бір солдаттың қаланың орталық көшесіндегі қабырғаларға шаққа қарсы басылған хабарлар жазып

тар партия ұйымдарында өткен оқу жылының қорытындысы талқыланып, ондағы кемшіліктерді жаңа оқу жылында қайталамау жөнінде нақтылы шаралар белгіленді.

ККП Приишім аудандық комитеті жаңа оқу жылына әзірлікті насихатшылар құрамын біліміне, қабілетіне, тәжрибесіне қарай іріктеп алу жұмысынан бастады. Өйткені, партия оқуы жүйесіндегі сабаққа қатысушылардың марксизм-ленинизм негіздерін терең оқып, меңгеруі, әсресе, насихатшы кадрларға байланысты екені мәлім.

Быйыл насихатшылар құрамы көптеген білімді, тәжрибелі адамдармен толықтырылды. Олардың біркатары облыстық партия комитеті жанындағы насихатшылар курсінде оқып, оны ойдағыдай бітіріп шықты. Аудан партия ұйымдарынің сабақтары ұйымшылдықпен басталып, ойдағыдай өтті. ККП аудандық комитеті жанындағы кешкі партия мектебінде быйыл 45 адам оқыйды. Олар екі топқа бөлінген. Бірінші топта 11 колхоз председателі мен 5 ауыл- селолық Советтердің председательдері және бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары бар. Алғашқы сабаққа партия мектебінің тыңдаушылары тегіс қатысты.

ККП Приишім аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімі партия мүшелері мен партия мүшелігіне кандидаттардың идеялық -саяси терең білім алуына алдағы уақыттарда да жете көңіл бөледі.

К. ҚОПЫШЕВ,

ККП Приишім аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

тарды.

Міне, осылай еліміздің барлық жерлеріндегі сыяқты қаладағы Киров атындағы заводта да партия оқуы жүйесіндегі сабақтар зор белсенділікпен басталды. Мұнда быйыл СОКП тарихын үйренетін 13 үйірме жұмыс істейді. Ал, жоғары типті бір үйірме үстіміздегі жылы бірінші рет ұйымдастырылып отыр. Бұдан басқа заводта жалпы білім беретін жұмысшы жастардың кешкі мектебі ашылды. Бұл мектепте жүзге жуық жас жұмысшылар оқып жүр.

Завод бойынша партия оқуы жүйесіндегі алғашқы сабақтар айтарлықтай болып өтті.

С. ШАТУНОВ,

Киров атындағы завод партия ұйымының секретары.

Жас мичуриншілер

Петропавл станциясындағы № 46 қыз балалар мектебінің жас мичуриншілері жұырда мектеп жанындағы өздерінің тәжрибе участогінде үстіміздегі жылы жүргізілген жұмыстардың қорытындысын шығарды. Сол сыяқты, тәжрибе участогінде өсірілген өсімдіктер мен жемістер көрмесін ұйымдастырды.

Мектептің жас мичуриншілерінің тәжрибе участогі қаладағы ең таңдаулы тәжрибе участоктерінен саналады. Мұндағы тәжрибе жұмыстары мектептің биология пәнінің оқытушысы А. Дураничев жолдастың басшылығымен жүргізіледі.

Тәжрибе участогінде өсімдіктер мен жемістерді егу ауыспалы егіс жүйесімен жүргізіледі. Быйылғы жылы мал азығындық сәбіз, қызылша, капуста өсірілді, ал, академик Лысенко ^ усынған әдіспен отырғызылған картоптың гектарынан 92,7 центнер өнім алынды.

Участоктегі теплицада Солтүстік Қазақстанның ауа райы жағдайында өспейтін «Ұзақ күн» өсімдігі өсірілді. Быйылғы жылы алғаш рет егілген «канатник» өсімдігі үш метр болып өсіп, тұқым берді.

Тәжрибе участогінде, әсресе, жас мичуриншілер Н. Пертулисова және Т. Халявкиналар қажырлы еңбек етті.

Қ. НҰРЫШЕВ.

Мәдени-ағарту мекемелеріне басшылық жақсартылсын

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің, колхоздар мен совхоздар шаруашылығын нығайтудың, сол сыяқты, колхозшы шаруалардың материалдық және мәдени дәрежесін онан әрі жоғары көтерудің жаңа перспективаларын ашып берді. Қазір облыс еңбекшілері Пленум қаулысын зор белсенділікпен оқып-үйренуде.

Соңғы жылдары облыстың мәдени-ағарту орындары еңбекшілер арасында үгіт-көпшілік және мәдени- ағарту жұмыстарын жүргізуде айтарлықтай жұмыс істеп келеді. Аудандық мәдениет үйлерінде, селолық, ауылдық клубтар мен оқу үйлерінде 689 әртүрлі өнркем өнер үйірмелері жұмыс істейді. Бұл үйірмелерге 9380 адам қатысады. Олар быйылғы жылы облыс еңбекшілеріне 2776 концерттер мен пьесалар көрсетті. Колхоз клубтары мен оқу үйлерінде орыстың ұлы драматургі А. Овстровскийдің «Жазықсыз кінәлілер», А. Корнейчуктің «Малиновкадағы құдалық тойы», «Бұрғенді тоғай», Лавреньевтің «Күйреу» сыяқты көп актылы пьесалары қойылды.

Әрбір аудан орталықтарында аудандық лекторлар тобы жұмыс істейді. Сол сыяқты, әрбір ауылдық Совет жанында бірлескен лекторлар тобы бар. Ол топта 700-ден астам лекторлар жұмыс істейді. Олар үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында еңбекшілер арасында 620 лекция оқыды. Қазір СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулыларын, сол сыяқты, ауылшаруашылық тұлымдарын, озаттар тәжрибесін еңбекшілер арасында насихаттап жүр.

Колхоз клубтары, оқу үйлері, кітапханалар қызметкерлері үгіт-көпшілік жұмыстарын колхоздар мен совхоздардың дала бригадаларында жүргізуде. Олар мәдени-үгіт бригадаларын ұйымдастырып, облыс егіншілеріне түрлі концерттер көрсетіп, еліміздің ішкі және сыртқы жағдайлары туралы әңгімелер өткізеді, жауынгерлік листоктар шығарады. Теккана быйылғы егін жыйнау маусымында облыс колхоздары мен совхоздарының мәдени- ағарту орындары егіншілерге арнап, 146 концерт көрсетті, ауылшаруашылық және саяси тақырыптарда 173 лекция оқыды, 475 жауынгерлік листок шығарды.

Быйылғы жылы облыста жаңадан 11 селолық және 1 аудандық кітапхана ашылды . Облыс колхоздары мен ауыл-селоларындағы кітапханаларда 700 мыңнан астам оқушылар бар. Олар жылына бір-жарым миллионнан астам саяси және көркем әдебиет кітаптарын оқыйды. Тек өткен жылы ғана кітапханаларда 150 оқушылар конференциясы мен көркем әдебиет кештері болып өтті. Ол конференциялар мен кештерде Р. Вильямстың «Жер шаруашылығының негіздері», В. Лацистің «Жаңа жағаға», Г. Николаеваның «Егін орағы» тағы басқа кітаптар талқыланды.

Дегенмен, облыстың мәдени-ағарту мекемелері еңбекшілер арасында үгіт-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарын СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысындағы талапқа сай ұйымдастыра алмай отыр. Олар халқымыздың өскелең мәдени талаптарын өтеуде кешіріксіз артта қалуда. Колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмысын жүргізуде, әсресе, ауылшаруашылық ғылымдары мен еңбек озаттарының тәжрибелерін насихаттауда елеулі кемшіліктерге жол берілген. Бұған мысал ретінде Ленин ауданындағы Воровский атындағы колхоздың оқу үйі жұмысын алуға болады. Бұл колхоздағы клуб үйі быйылғы жылы орта мектепке берілген болатын. Осыған байланысты колхоз кітапханасы басқа үйге көшірілуге тиіс еді. Бірақ, колхоз председателі Копарь жолдас әлі күнге кітапханаға үй бөлмей келеді.

Ауыл-селодағы мәдени-ағарту мекемелері жұмысының жақсаруы—жергілікті Советтердің оған нақтылы басшылық жасауына байланысты екендігі мәлім. Мәселен, Конюхов ауданын алайық. Үстіміздегі жылдың басында еңбекшілер депутаттары аудандық Советінің сессиясында аудандағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы туралы мәселе қаралып, бұл жұмыста кездескен кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар белгіленді. Ауыл-селолық Советтер сессияның қаулысын жүзеге асыруда. Быйылғы жылы ауданның үш колхозында жаңа клуб салынды, барлық колхоздардағы мәдени-ағарту мекемелерінің үйлері жөнделді. Кітапханалар саяси, ауылшаруашылық және көркем әдебиет кітаптарымен толықтырылды.

Преснов ауданының жергілікті Советтері де мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына нақтылы басшылық жасауда. Бұл аудада быйылғы жылы Николаевск, Орман ауыл-селолық Советтерінде жаңадан клуб үйлері салынды. Сол сыяқты, «Баян», «Путь к коммунизму» колхоздарындағы клуб үйлері жаңартылып салынды.

Ал, мәдени- ағарту мекемелерінің жұмысына жергілікті партия және совет ұйымдары тарапынан нақтылы басшылық болмаған жерлердегі жағдай мүлде өзгеше. Бұған мысал ретінде Соколов ауданын алуға болады. Үстіміздегі жылдың 8 айы ішінде аудан колхоздарының бірде-бір кітапханасы жаңа кітаптар алған жоқ. Ал, кітап алуға белінген қаржы жұмсалмай жатыр. Аудандық Совет атқару комитетінің председателі Звягин жолдас мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына басшылықты жақсартудың орнына, Желеков селолық кітапханасын жаптырып қойған, кітапхананы пәтер үйге айналдырған

Октябрь ауданындағы Семиполка селолық Советінің клуб үйі жұмысындағы төзгісіз кемшіліктер туралы аудандық Совет атқару комитетіне бірнеше рет дабылдар түскен еді. Ол дабылдарда селолық Советтің Председателі Омаров жолдастың клуб үйінде жастардың көркем өнер үйірмелерінің жұмыс істеуіне рұқсат бермей отырғандығы, ал, клуб үйінің бөлмелері астық қоймаларына айналдырылғандығы айтылған болатын. Бірақ, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Мусин жолдас бұл сыяқты төзгісіз фактілерге немкетті карап келеді.

Мәдени-ағарту мекемелері жұмысын жақсартуда оларды іскер кадрлармен қамтамасыз ету басты орын алады. Бірақ, көптеген аудандық және жергілікті Советтер мәдени-ағарту мекемелері жұмыстарын жоғары дәрежеге көтерудегі бұл сыяқты басты мәселеге жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Көп реттерде мәдени-ағарту мекемелеріне саяси сауаты нашар, іскерлік қабілеті кем адамдар жіберіледі. Быйылғы жылы Совет ауданына мәдени- ағарту мекемесіне жұмыс істеуге арнаулы білімі бар Яковенко жолдас жіберілген еді. Бірақ, аудандық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Ертаев жолдас колхоздардағы мәдени-ағарту мекемелеріне ешқандай білімі жоқ, өзінің жақындары мен таныстарын орналастырып, Яковенко жолдасты қызметсіз қалдырған.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында деревнядағы мәдени- ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартып, еңбекшілер арасында үгіт- көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарын пәрменді жүргізу міндеттері қойылған. Бұл міндеттерді орындау, жергілікті партия және совет ұйымдарының кезек күттірмейтін міндеті болып табылады. Ол үшін, еңалдымен, Советтердің тұрақты мәдени-ағарту комиссияларының жұмысын жақсарту қажет. Бұл комиссиялар клуб, оқу үйлері және кітапханалар жұмысының барысымен нақтылы танысып, олардың жұмыстарында кездесіп отырған кемшіліктерді жою шараларын белгілеп отыруы керек.

Колхозды ауыл-село еңбекшілерінің материалдық және мәдени дәрежесін көтеруге бағытталған партия мен үкметтің шаралары ауыл -селода мәдени- ағарту жұмыстарын кеңінен жүргізуге негіз болып отыр. Міндет— халқымыздың өскелең мәдени қажеттерін қамтамасыз ету үшін жергілікті мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жандандыруда.

А. ОВЧИННИКОВ,

Облыстық мәдени-ағарту мекемелері және искусство істері бөлімінің бастығы.

ҚАРТ КОЛХОЗШЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕГІ ТАБЫСЫ

Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшесі 65 жастағы Ғаббас Молдабаев осы жылдың сегіз айы ішінде 700 еңбеккүн тапты. Жасының ұлғайғанына қарамастан Ғаббас қарт колхоздың еңбек даласында қажырлылықпен еңбек етіп жүр. Сондықтан да ол колхозшылар құрметіне бөленуде.

Ғаббас қарт қазір колхоздағы № 1 дала бригадасының қырман меңгерушісі болып істейді. Ол күзеткен қырманнан дайындау орындарына 4500 центнер жоғары сортты астық өткізілді.

Адал еңбек иесі Ғаббас қарт өзінің еңбеккүніне алғашқы аванста 42 пұт астық алды.

Б. МҰХАМЕДИН.

адамды атып өлтіргендігін хабарлайды. Бұл үшін солдаттың бірден шені жоғарылатылып, оған премьер- министрден ақшадай сыйлық берілген.

ПАРИЖ, 2 октябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Тегераннан Мосаддықтың бұрынғы қызметкері ретінде Иранның финанс министрінің орынбасары Али Мобашердің тұтқынға алынғандығын хабарлайды. Али Мобашер Мосаддық үкметінде де, сол сыяқты, тұтқынға алынғанға дейін Захеди үкметінде де финанс министрінің орынбасарлық қызметін атқарып келген.

ТЕГЕРАН, 2 октябрь. (СОТА). «Кейхан» газетінің хабарына қарағанда, соғыс жағдайы туралы заңның 5-статьясы негізінде соңғы уақытта тұтқындалған 1800 адамның ісі «мұнан әрі зерттеу үшін» соғыс прокуратурасына берілген.

Сол сыяқты, газет жастар мен студенттердің Бухарестегі Бүкіл дүниежүзілік IV фестиваліне қатысқаны үшін тұтқындалған адамдардың істері жөніндегі тергеу әлі аяқталмағандығын хабарлайды.

КАНАДАДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ОТТАВА, 2 октябрь. (СОТА). Монреаль радиосы Овтарио провинциясының солтүстігінде және Квебекте алтын кәсіпшіліктерінің 6 мың жұмысшысының ереуілі жүріп жатқандығын хабарлайды. Жұмысшылар жалақының арттырылуын талап етуде.

Виннипегте болат қорыту өнеркәсібінің екі металлургия заводында 700 жұмысшы ереуіл жасауда. Сол сыяқты, олар да жалақының арттырылуын талап етуде.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Кинолардағы

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖҰЛДЫЗ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПОЛК ҚЫЗЫ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

АЗАМАТТАР!

Байланыстың ең жылдам және арзан түрі —телеграф қызметімен пайдаланыңыздар.

Егер Сіз қажетті хабарды тез алғыңыз немесе өзіңіздің туысқандарыңызды, жолдастарыңызды және таныстарыңызды хабарландырғыңыз келсе, телеграф қызметін пайдаланыңыз. Орталық телеграф тәулік бойы жұмыс істейді.

Телеграммаларды қай уақытта болса да үйден телефон арқылы, ақшасын кейін төлеуге келісіп беруге болады. Ол үшін мына телефонмен сөйлесіңіз: 1-09 немесе 2-00 екі звонок, орталық телеграфтың кассасы.

Телеграммалардың бағасы мынадай: жай телеграмманың әрбір сөзі— 30 тыйын, асығыс телеграммалар сөзі —1 сом, молния—1 сом 50 тыйын.

Одан басқа жеткізілгені үшін әрбір телеграммалардан категориясы мен сөз санына қарамастан 1 сом алынады.

Уақыттарыңызды үнемдеңіздер. Қала ішінде байланыс жасау үшін жергілікті телеграмма беруді пайдаланыңыздар.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02023. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің № 18 Жоғарғы баспасының баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.**